

«Самұрық-Қазына» Жылжымайтын мүлік қоры» АҚ

Шоғырландырылған қаржылық есептілік

2011 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін

Тәуелсіз аудиторлардың есебімен қоса

МАЗМҰНЫ

	Бет
Тәуелсіз аудиторлардың есебі	
Шоғырландырылған қаржылық есептілік	
Қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есеп	1-2
Жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есеп	3
Капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есеп.....	4
Ақша қаражатының қозғалысы туралы шоғырландырылған есеп	5
Шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертпелер.....	5-30

ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРЛАРДЫҢ ЕСЕБІ

«Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ-ның акционеріне

Біз «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ-ның және оның еншілес компанияларының (бұдан әрі – «Топ») қоса беріліп отырған шоғырландырылған қаржылық есептілігіне аудит жүргіздік, әрі оған 2011 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есеп, жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есеп, капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есеп және көрсетілген күнге аяқталған жыл үшін ақша қаражатының қозғалысы туралы шоғырландырылған есеп, сондай-ақ есеп саясатының маңызды аспектілері туралы ақпарат пен басқа да түсіндірме ақпараты жатады.

Шоғырландырылған қаржылық есептілікке қатысты басшылықтың жауапкершілігі

Топ басшылығы осы шоғырландырылған қаржылық есептілікті Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес әзірлеуге және дұрыс беруге әрі басшылықтың пікірінше адал емес әрекеттердің немесе қатенің салдарынан маңызды бұрмалануы жоқ шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау үшін қажет деп айқындайтын ішкі бақылау процедуралары үшін жауап береді.

Аудиторлардың жауапкершілігі

Біздің міндетіміз біз жүргізген аудиттің негізінде осы шоғырландырылған қаржылық есептілік туралы өз ойымызды білдіру болып табылады. Біз аудитті Халықаралық аудит стандарттарына сәйкес жүргіздік. Бұл стандарттар біздің әдеп нормаларын сақтауымызды, аудитті шоғырландырылған қаржылық есептілікте маңызды бұрмаланулардың жоқтығына жеткілікті түрде сенімді болатындай етіп жоспарлауымызды және жүргізуімізді талап етеді.

Аудитке шоғырландырылған қаржылық есептілікте ұсынылған сомалар мен ақпаратқа қатысты аудиторлық дәлелдерді алуға бағытталған процедураларды орындау жатады. Шынайы емес әрекеттердің немесе қатенің салдарынан шоғырландырылған қаржылық есептіліктің едәуір бұрмалану тәуекелін бағалауды қоса алғанда, процедураларды таңдау аудитор тұжырымдарына негізделеді. Бұл тәуекелді бағалау кезінде аудитор компанияның шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау мен дұрыс беруге қатысты ішкі бақылау аспектілерін компанияның ішкі бақылау жүйесінің тиімділігі туралы пікірін білдіру үшін емес, нақты жағдайларда қажет аудит процедураларын анықтау үшін қарастырады. Сондай-ақ аудитке таңдалған есеп саясатының дұрыстығын және басшылық жасаған бухгалтерлік бағалаудың негізділігін бағалау және жалпы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ұсынылуын бағалау жатады.

Біз алынған аудиторлық дәлелдер өз пікірімізді білдіру үшін жеткілікті әрі лайықты болып табылады деп санаймыз.

Пікір

Біздің ойымызша шоғырландырылған қаржылық есептілік барлық маңызды аспектілерде Топтың 2011 жылдың 31 желтоқсанына қаржылық жағдайын, сондай-ақ көрсетілген күнге аяқталған жыл үшін оның қаржы нәтижелері мен ақша қаражатының қозғалысын Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес шынайы түрде көрсетеді.

Ernst & Young LLP

Айсұлу Нарбаева
Аудитор

Аудитордың 1994 жылғы 21 қазандағы №
0000137 біліктілік куәлігі

Евгений Жемалетдинов
«Эрнст энд Янг» ЖШС-тің
Бас директоры

Қазақстан Республикасының аумағында
аудиторлық қызметпен айналысуға арналған
мемлекеттік лицензия: сериясы МФЮ - 2,
№ 0000003, Қазақстан Республикасы Қаржы
Министрлігімен 2005 жылғы 15 шілдеде
берілген.

2012 жылғы 15 наурыз

ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

2011 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша

<i>Мың теңгемен</i>	Ескер т.	2011	2010*
АКТИВТЕР			
Ұзақ мерзімді активтер			
Негізгі құралдар	5	4.944.989	4.551.128
Инвестициялық жылжымайтын мүлік	6	1.629.330	2.071.767
Құрылыс компанияларына берілген аванстар	8	3.547.395	23.135.138
Материалдық емес активтер		24.008	19.533
Ұзақ мерзімді қаржы активтері	9	21.585.886	13.598.808
		31.731.608	43.376.374
Қысқа мерзімді активтер			
Тауар-материалдық қорлар		9.812	4.714
Сатуға арналған жылжымайтын мүлік	7	673.667	680.772
Құрылыс компанияларына берілген аванстар	8	224.410	—
Сауда дебиторлық берешек	11	608.813	1.528.002
Табыс салығы бойынша алдын ала төлем		131.109	—
Басқа да ағымдағы қаржылық активтер	12	12.725.422	12.365.727
Басқа да ағымдағы активтер	13	23.205	539.188
Ақша қаражаты және олардың баламалары	14	32.976.265	26.047.375
		47.372.703	41.165.778
Сатуға арналған деп жіктелген активтер	10	25.172.720	—
		72.545.423	41.165.778
АКТИВТЕР ЖИЫНЫ		104.277.031	84.542.152
КАПИТАЛ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕМЕЛЕР			
Капитал			
Жарғылық капитал	15	19.876.956	15.000.000
Қосымша төленген капитал	16	7.611.892	11.356.866
Сату үшін қолда бар құралдар қоры	15	87.997	—
Бөлінбеген пайда		3.611.055	395.272
Капитал жиыны		31.187.900	26.752.138

«Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ

Шоғырландырылған қаржылық есептілік

ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП (жалғасы)

2011 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша

<i>Мың теңгемен</i>	Ескер т.	2011	2010*
Ұзақ мерзімді міндеттемелер			
Бас компаниядан алынған қарыздың ұзақ мерзімді бөлігі	16	15.320.839	25.911.257
Басқа да ұзақ мерзімді міндеттемелер		417.928	156.647
Кейінге қалдырылған салық міндеттемелері	23	149.184	23.579
		15.887.951	26.091.483
Қысқа мерзімді міндеттемелер			
Бас компаниядан алынған қарыздың қысқа мерзімді бөлігі	16	54.249.344	30.724.814
«Репо» шарттары бойынша міндеттемелер	17	2.254.003	851.004
Сауда кредиторлық берешек	18	106.651	18.178
Төленуге жататын ағымдағы табыс салығы		—	42.943
Басқа да ағымдағы міндеттемелер		591.182	61.592
		57.201.180	31.698.531
Міндеттемелер жиыны		73.089.131	57.790.014
КАПИТАЛ МЕН МІНДЕТТЕМЕЛЕР ЖИЫНЫ		104.277.031	84.542.152

*Осы бағанда келтірілген кейбір сомалар 2010 жылғы шоғырландырылған қаржылық есептілікпен үйлеспейді, өйткені жасалған қайта топтастыруды көрсетеді, олар туралы толық ақпарат 2-ескертпеде келтірілген.

6 – 37 бет аралығындағы есеп саясаты мен түсіндірме жазба осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

Басқарма Төрағасы

Б.А.Палымбетов

Басқарушы директор – Басқарма мүшесі

М.Х. Қарибжанов

Бас менеджер - бас бухгалтер

Б.К.Сипульдина

ЖИЫНТЫҚ КІРІС ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

2011 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін

<i>Мың теңгемен</i>	Ескер т.	2011	2010
Кірістер	19	5.239.208	1.358.571
Өзіндік құн	20	(1.326.057)	(746.925)
Жалпы пайда		3.913.151	611.646
Жалпы және өкімшілік шығыстар	21	(1.293.013)	(782.491)
Операциялық пайда / (зиян)		2.620.138	(170.845)
Қаржыландыру кірістері	22	2.981.818	3.020.890
Қаржыландыру шығыстары	22	(1.437.681)	(2.038.426)
Басқа да кірістер		210.586	2.002
Салық салынғанға дейінгі пайда		4.374.861	813.621
Табыс салығы бойынша шығыстар	23	(1.101.604)	(430.465)
Есепті жылдағы пайда		3.273.257	383.156
Басқа да жиынтық кіріс			
Сату үшін қолда бар қаржы активтері бойынша таза кірістер		109.996	—
Салықтың пайдаға әсері		(21.999)	—
Салықтар шегерілген есепті жылғы өзге жиынтық кіріс		87.997	—
Салықтар шегерілген есепті жылғы жиынтық кірістің жиыны		3.361.254	383.156

6 – 37 бет аралығындағы есеп саясаты мен түсіндірме жазба осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

Басқарма Төрағасы

Б.А.Палымбетов

Басқарушы директор – Басқарма мүшесі

М.Х. Қарибжанов

Бас менеджер - бас бухгалтер

Б.К.Сипульдина

«Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ

Шоғырландырылған қаржылық есептілік

КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

2011 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін

<i>Мың теңгемен</i>	Жарғылық капитал	Қосымша төленген капитал	Сату үшін қолда бар құралдар қоры (15-ескертпе)	Бөлінбеген пайда	Жиыны
2010 жылдың 1 қаңтарына	15.000.000	10.862.071	—	14.254	25.876.325
Есепті кезеңдегі пайда	—	—	—	383.156	383.156
Басқа да жиынтық кіріс	—	—	—	—	—
Жиынтық кіріс жиыны	—	—	—	383.156	383.156
Бас компаниядан алынған қарызды дисконттау (16-ескертпе)	—	9.719.148	—	—	9.719.148
Бас компаниядан алынған қарыздың шарттарын өзгерту (16-ескертпе)	—	(9.224.353)	—	—	(9.224.353)
Дивидендтер (15-ескертпе)	—	—	—	(2.138)	(2.138)
2010 жылдың 31 желтоқсанына	15.000.000	11.356.866	—	395.272	26.752.138
Есепті кезеңдегі пайда	—	—	—	3.273.257	3.273.257
Басқа да жиынтық кіріс	—	—	87.997	—	87.997
Жиынтық кіріс жиыны	—	—	87.997	3.273.257	3.361.254
Акциялар шығарылымы (15-ескертпе)	4.876.956	—	—	—	4.876.956
Бас компаниядан алынған қарыздың шарттарын өзгерту (16-ескертпе)	—	(3.744.974)	—	—	(3.744.974)
Дивидендтер (15-ескертпе)	—	—	—	(57.474)	(57.474)
2011 жылдың 31 желтоқсанына	19.876.956	7.611.892	87.997	3.611.055	31.187.900

6 – 37 бет аралығындағы есеп саясаты мен түсіндірме жазба осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

Басқарма Төрағасы

Б.А.Палымбетов

Басқарушы директор – Басқарма мүшесі

М.Х. Қарибжанов

Бас менеджер - бас бухгалтер

Б.К.Сипульдина

АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

2011 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін

<i>Мың теңгемен</i>	Ескер т.	2011	2010
Операциялық қызмет			
Салық салынғанға дейінгі пайда		4.374.861	813.621
Мыналарға түзетулер:			
Тозу және амортизация		63.517	31.306
Қаржыландыру кірістері	22	(2.981.818)	(3.020.890)
Қаржыландыру шығыстары	22	1.437.681	2.038.426
Айналымдағы капиталды түзету			
Тауар-материалдық қорлардағы өзгеріс		(5.098)	(3.637)
Сауда-дебиторлық берешектегі өзгеріс		919.189	(1.301.133)
Өзге де ағымдағы активтердегі өзгеріс		1.169.770	(6.218.555)
Сауда-кредиторлық берешектегі өзгеріс		88.473	8.743
Өзге де ағымдағы міндеттемелердегі өзгеріс		(5.561)	39.695
		5.061.014	(7.612.424)
Төленген табыс салығы		(934.185)	(328.724)
Төленген пайыздар		(101.405)	(11.802)
Операциялық қызметтен түскен ақша қаражатының таза түсімдері/(жұмсалуды)		4.025.424	(7.952.950)
Инвестициялық қызмет			
Жылжымайтын мүлік объектілерін сатып алуға алдын ала төлем		(26.414.469)	(20.263.240)
Салушыларға қаражатты қайтару		12.472.645	—
Банктердегі депозиттер		5.968.200	7.933.305
Берілген қарыздар		—	(557.873)
Негізгі құралдар мен материалдық емес активтерді сатып алу		(63.623)	(33.547)
Бағалы қағаздармен операциялар, нетто		394.704	1.772.658
Алынған пайыздар		1.548.274	1.882.920
Инвестициялық қызметте ақша қаражатының таза жұмсалуды		(6.094.269)	(9.265.777)
Қаржылық қызмет			
Бас компаниядан қарыздар алу		22.238.034	31.624.814
Бас компаниядан алынған қарызды өтеу		(14.585.824)	(9.978)
«Репо» шарттары бойынша ақша қаражатын алу		1.402.999	711.004
Төленген дивидендтер		(57.474)	(2.138)
Қаржылық қызметтен түскен ақша қаражатының таза түсімі		8.997.735	32.323.702
Ақша қаражатындағы және олардың баламаларындағы таза ұлғаю		6.928.890	15.104.975
Жыл аяғындағы ақша қаражаты мен олардың баламалары	14	26.047.375	10.942.400
31 желтоқсанға ақша қаражаты мен олардың баламалары	14	32.976.265	26.047.375

Ақшалай емес операциялардың ашылып көрсетілуі 24-ескертемеде көрсетілген.

6 – 37 бет аралығындағы есеп саясаты мен түсіндірме жазба осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

Басқарма Төрағасы

Б.А.Палымбетов

Басқарушы директор – Басқарма мүшесі

М.Х. Қарибжанов

Бас менеджер - бас бухгалтер

Б.К.Сипульдина

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР

2011 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін

1. КОРПОРАТИВТІК АҚПАРАТ

"Самұрық-Қазына" Жылжымайтын мүлік қоры" АҚ (бұдан әрі мәтін бойынша - "Компания") Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 6 наурыздағы №265 қаулысымен құрылды.

Компания кеңсесінің орналасқан мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Қонаев көшесі, 12/1 үй.

Мемлекет меншігінде Компанияның 100% үлесі бар «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ (бұдан әрі «Бас компания») арқылы Компанияға бақылау жүргізеді.

2010 жылы Компания "ФН Менеджмент" ЖШС мен "Зәулім" ЖШС атты екі еншілес компанияның (бірілесіп "Топ" деп аталады) негізін қалады. Еншілес компаниялардың негізгі қызметі 2-ескертпеді ашылып көрсетілген.

Мемлекетке Қазақстанның жылжымайтын мүлік нарығын тұрақтандыруда қолдау көрсету Топ миссиясы болып табылады. Компанияның негізгі қызметіне мыналар жатады:

- Тұрғын үй және тұрғын емес үй-жайларды мақсатты сатып алу, оның ішінде құрылыста қатысу үлестерін сатып алу шарттарын, ақшаны уақытша пайдалану шарттарын жасау және құрылысқа инвестициялар салу, сатып алу-сату, сондай-ақ қаражаты құрылысты аяқтау үшін салушыларды несиелендіруге бағытталатын мақсаты банк салымдарын орналастыру арқылы сатып алу;
- Сатып алынған үй-жайларды тиімді басқару және өткізу.

Осы қаржылық есептілік, шоғырландырылған негізде, Топтың 2011 жылғы 31 желтоқсандағы жыл үшін қызметінің қаржылық нәтижелерін және көрсетілген күнге оның қаржылық жағдайын білдіреді.

Топтың 2011 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін шоғырландырылған қаржылық есептілігін Топ басшылығы 2012 жылғы 15 наурызда шығаруға бекітті.

2. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ НЕГІЗІ

Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігі Халықаралық қаржылық есептілік стандарттары жөніндегі Кеңес (ХКЕС жөніндегі Кеңес) бекіткен редакцияда Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (ХКЕС) сәйкес әзірленді.

Осы шоғырландырылған қаржылық есептілік, егер өзгесі есеп саясатында және осы шоғырландырылған есептілік нысандарының ескертпелерінде аталмаса, бастапқы құны бойынша бағалау қағидатына сәйкес әзірленген.

Шоғырландырылған қаржылық есептілік қазақстандық теңгемен (бұдан әрі «теңге») жасалды, ал барлық сомалар, өзгесі көрсетілген жағдайлардан басқа, мыңдық мағынаға дейін дөңгелектенді.

Шоғырлану негізі

Шоғырландырылған қаржылық есептілікке 2011 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың және оның еншілес ұйымдарының қаржылық есептілігі кіреді.

Еншілес компаниялар Топтың еншілес компанияға бақылау алған күнін білдіретін иемденген күннен бастап Топпен толығымен шоғырланады және мұндай бақылаудан айырылған күнге дейін шоғырлануын жалғастырады. Еншілес компаниялардың қаржылық есептілігі Топтың барлық компаниялары үшін есеп саясатын бірізді қолданудың негізінде негізгі компанияның есептілігі сияқты дәл сол есепті кезең үшін әзірленді. Барлық топ ішіндегі қалдықтар, операциялар, Топтың ішінде операцияларды жүзеге асыру нәтижесінде туындайтын өткізілмеген кірістер мен шығыстар және дивидендтер толығымен алынып тасталды.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**2. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ НЕГІЗІ (жалғасы)****Шоғырландыру негізі (жалғасы)**

Егер Топ еншілес компанияға бақылау жасаудан айырылса, ол:

- Еншілес компанияның активтері мен міндеттемелерін мойындауды тоқтатады (оның ішінде соған қатысты гудвилді)
- Бақыланбайтын қатысу үлесінің баланстық құнын мойындауды тоқтатады
- Капиталда көрсетілген жинақталған бағамдағы айырманы мойындауды тоқтатады
- Алынған сыйақының әділ құнын мойындайды
- Қалған инвестицияның әділ құнын мойындайды
- Операцияның нәтижесінде пайда болған табыс немесе шығын құрамындағы артық шығуды немесе дефицитті мойындайды
- Бұрын басқа жиынтық кірістің құрамында мойындалған компоненттердегі негізгі компанияның үлесін табыстың немесе шығынның немесе нақты талаптарға сәйкес бөлінбеген табыстың құрамына қайта жіктейді.

Еншілес компаниялар

2011 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың осы шоғырландырылған қаржылық есептілікке қосылған мынадай еншілес ұйымдары болды:

Тіркелу	Орны атауы	Негізгі қызмет	Қатысу үлесі	
			2011	2010
"ФН Менеджмент" ЖШС	Қазақстан	Жылжымайтын мүлікті сату және жалға беру, ғимараттарды пайдалану және техникалық қызмет көрсету	100%	100%
«Зәулім» ЖШС	Қазақстан	Өкімшілік кешенді салу	100%	100%

Қайта топтастыру

Мың теңгемен	Бұрын көрсетілгендей	Қайта топтастыру	Қайта есептелді
2010 жылдың 31 желтоқсанына қаржылық жағдай туралы есеп			
[1] Сатуға арналған жылжымайтын мүлік	—	680.772	680.772
[1] Сатуға арналған деп жіктелген активтер	680.772	(680.772)	—
[2] «Репо» шарттары бойынша міндеттемелер	—	(851.004)	(851.004)
[2] Сауда кредиторлық берешек	(869.182)	851.004	(18.178)

[1] Осы қайта топтастыру ағымдағы жылы ұсыну форматына сәйкес келу үшін өткен жылдың Қаржылық жағдай туралы есебіне енгізілді: сатуға арналған жылжымайтын мүлік сатуға арналған деп жіктелген активтерден бөлінді.

[2] Осы қайта топтастыру ағымдағы жылы ұсыну форматына сәйкес келу үшін өткен жылдың Қаржылық жағдай туралы есебіне енгізілді: «Репо» шарттары бойынша міндеттемелер сауда кредиторлық берешектен бөлініп көрсетілді.

Қайта топтастыру таза пайдаға, жиынтық кіріске немесе капиталға еш ықпалын тигізбеді.

3. ЕЛЕУЛІ ЕСЕПТІ ПАЙЫМДАУЛАР, БАҒАЛАУ МӘНДЕРІ ЖӘНЕ ЖОРАМАЛДАР

Қаржылық есептілікті дайындау басшылықтан көрсетілетін кіріс, шығыс, активтер мен міндеттемелер сомаларына, сондай-ақ есепті күнге шартты міндеттемелер туралы ақпараттың ашылып көрсетілуіне ықпал ететін пайымдауларды, бағалауды және жорамалдарды жасауын талап етеді. Дегенмен жорамалдар мен бағалаулардың белгісіздігі келешекте активтердің немесе міндеттемелердің баланстық құнына елеулі түзетулерді енгізу қажеттілігін тудырады.

Төменде болашақ оқиғаларға қатысты негізгі жорамалдар, сондай-ақ және келесі қаржылық жыл ішіндегі активтер мен міндеттемелердің баланстық құнына маңызды түзетулер енгізу қажеттілігі туындау мүмкіндігі бар есепті күнге өзге бағалаудың белгісіздік көздері келтірілген.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**3. ЕЛЕУЛІ ЕСЕПТІ ПАЙЫМДАУЛАР, БАҒАЛАУ МӘНДЕРІ ЖӘНЕ ЖОРАМАЛДАР (жалғасы)****Қаржылық емес активтердің құнсыздануы**

Егер активтің немесе ақша ағындарын жасайтын бөлімшенің баланстық құны келесі өлшемдердің ең үлкені болып табылатын оның өтелетін құнынан асып кетсе, құнсыздану орын алады: сату шығындарын шегере отырып әділ құны және пайдаланудан болған құндылық. Сату шығындарын шегере отырып әділ құнының есебі осы сияқты активтерді сатудың міндетті күші бар коммерциялық мәмілелер жөніндегі ақпаратқа немесе активтің шығуымен байланысты болған қосымша шығындарды шегере отырып байқалатын нарықтық бағаларға негізделген. Пайдалану құндылығының есебі дисконтталған ақша ағындарының моделіне негізделген. Ақша ағындары бюджеттен келесі бес жылға алынады және оған Топтың жүргізуге әлі де болса міндеттемелері жоқ қайта құрылымдау бойынша қызмет немесе ақша ағындарын жасайтын бөлімшенің құнсыздану мәніне тексерілетін активтің нәтижелерін жақсартатын келешектегі елеулі инвестициялар жатпайды. Өтелетін құн дисконтталған ақша ағындарының моделінде пайдаланылатын дисконттау мөлшерлемесіне, сондай-ақ күтілетін ақша қаражатының ағындарына және экстраполяция мақсатында пайдаланылған өсу қарқындарына барынша сезімтал келеді. 2011 және 2010 жылдары Топ қаржылық емес активтердің құнсыздануынан болған шығындарды мойындамады.

Қаржы құралдарының әділ құны

Қаржылық жағдай туралы есепте танылған қаржы құралдарының және қаржы міндеттемелерінің әділ құны осы активті нарықтар негізінде анықталмайтын жағдайларда, ол дисконтталған ақша ағындарының моделін қоса алғанда, бағалау әдістерін пайдалана отырып, анықталады. Осы модельдердің бастапқы деректері ретінде мүмкіндігінше бақыланатын нарықтардан ақпарат пайдаланылады, алайда бұл іс жүзінде жүзеге асырылмайтын болған сол жағдайларда, әділ құнды белгілеу үшін пайымдаудың белгілі бір үлесі талап етіледі.

Пайымдау өтімділік тәуекелі, кредит тәуекелі және құбылмалылық ретінде осындай бастапқы деректердің есебін қамтиды. Осы факторларға қатысты болжамдарға өзгерістер қаржылық есептілікте көрсетілген қаржы құралдарының әділ құнына әсер етуі мүмкін.

Қаржы активтерінің саудаға арналған деп немесе сату үшін қолда бар ретінде жіктелуі

Топ туынды құралдарға ұқсамайтын саудаға арналған қаржы активтерін оларды таяу арада сату ниетінің бар-жоғы туралы жорамалдың орындылығына қатысты талдайды. Егер сирек жағдайларда Топ солар үшін белсенді нарықтардың болмауының салдарынан осы активтермен сауда жасауға шамасы келмесе және басшылықтың оларды таяу арада сатуға қатысты ниеті өзгеріп кетсе, Топ мұндай қаржы активтерін қайта жіктеу туралы шешімді қабылдай алады. Қарыздар мен дебиторлық берешек, сату үшін қолда бар құралдарының немесе өтеуге дейін ұсталатын қаржы құралдарының санатындағы мұндай активтердің қайта жіктелуі активтің сипатына байланысты болады. 2011 жылы жасалған талдаудың нәтижесінде Топ өзінің саудаға арналған қаржы активтерін басшылықтың оларды таяу арада сатуына қатысты ниетінің жоқтығына орай сату үшін қолда бар қаржы активтерінің санатына (12-ескертпе) қайта жіктеді.

Құрылыс компанияларына берілген аванстар

Топ жылжымайтын мүлік объектілерін сатып алу мақсатында құрылыс компанияларына аванстар береді. Құрылыс компанияларына берілген аванстар қаржы құралдары болып табылмайды және тиісінше, құрылыс компанияларына аударылған ақша қаражатының мөлшерінде ескеріледі.

Сыйақыны есептей отырып құрылыс компанияларын қаржыландыру

Сыйақыны есептей отырып құрылыс компанияларын қаржыландыру шарттарын мойындау сәтіне қаржыландыру күніне нарықтық мөлшерлемелер бойынша дисконтталған келешек ақша ағындарының келтірілген құны ретінде есептелген әділ құны бойынша ескеріледі.

Сыйақыны есептей отырып құрылыс компанияларын қаржыландыру шарттары бастапқыда мойындалғаннан кейін тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып амортизацияланған құн бойынша бағаланады.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

3. ЕЛЕУЛІ ЕСЕПТІ ПАЙЫМДАУЛАР, БАҒАЛАУ МӘНДЕРІ ЖӘНЕ ЖОРАМАЛДАР (жалғасы)

Инвестициялық жылжымайтын мүлікті және сатуға арналған жылжымайтын мүлікті жіктеу

Топ жылжымайтын мүлік сатуға арналған жылжымайтын мүлік немесе инвестициялық жылжымайтын мүлік болып табылатындығын былайша айқындайды:

- Инвестициялық жылжымайтын мүлікке, Топ қызметінде пайдаланбайтын, операциялық қызметте сатылмайтын, ал бірінші кезекте жалға беруден кіріс және капитал құнының өсуінен болатын кірісті алу үшін ұсталып қалатын, пәтерлер, паркингтер мен сауда үй-жайлары кіреді.
- Сатуға арналған жылжымайтын мүлікке операциялық қызметте сатуға арналған жылжымайтын мүлік кіреді. Негізінен, бұл Топ құрылысты аяқтағанға дейін немесе кейін сатқысы келетін пәтерлер, паркингтер және сауда үй-жайлары.

Инвестициялық жылжымайтын мүліктің және сатуға арналған жылжымайтын мүліктің құны

Инвестициялық жылжымайтын мүлік өзіндік құны бойынша бухгалтерлік есепте жинақталған тозу мен құнсыздану бойынша жинақталған шығындарды шегеру арқылы көрсетіледі. Әділ құн ұқсас сипаттамалары мен орналасқан жері бар жылжымайтын мүлікпен таяуда жасалған мәмілелердің негізінде айқындалады. Жылжымайтын мүлік объектілерінің әділ құны 6-ескертпеде ашылып көрсетілген.

Сатуға арналған жылжымайтын мүлік өзіндік құнының ең азы және таза өткізу құны (ТӨК) бойынша көрсетіледі. Сатуға арналған жылжымайтын мүліктің ТӨК нарықты конъюнктура мен есепті күнгі бағаны ескере отырып бағаланады және Топ тиісті нарықтық операцияларды назарға ала отырып айқындайды.

Сатуға арналған деп жіктелген активтер

2011 жылы Топ Бас компанияның бақылауындағы ұйым бақылайтын компанияның «ҚазМұнайГазСервис» ЖШС компаниясының «Зәулім» ЖШС-дегі қатысу үлесінің 100% сату ниетін жария етті. Басшылық еншілес ұйымның шығуы сатуға арналған активтер тобы ретінде келесі себептермен жіктеуге сәйкес келеді деп есептеді:

- 2011 жылғы 28 желтоқсанда «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ «ҚазМұнайГазСервис» ЖШС компаниясының «Зәулім» ЖШС-дегі қатысу үлесінің 100% сату туралы келісімге қол қойды.
- 2012 жылғы 25 қаңтарда Топ 68.631 мың теңге мөлшеріндегі сыйақы үшін еншілес ұйымның сатылуын аяқтады (28-ескертпе).
- 2012 жылғы 27 қаңтарда Компания «Зәулім» ЖШС-мен 27.049.064 мың теңге сомасында әкімшілік ғимараттың құрылысын қаржыландыруға Компания «Зәулім» ЖШС-не берген ақша қаражатын қайтару туралы келісімге қолын қойды.

4. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ ЕЛЕУЛІ АСПЕКТІЛЕРІНЕ ШОЛУ

Есеп саясатындағы өзгерістер

Қабылданған есеп саясаты, бұдан әрі қарастырылатын жаңа немесе қайта қаралған Стандарттар мен 2011 жылғы 1 қаңтарда күшіне енген Түсіндірулерін қабылдауды қоспағанда, алдыңғы есепті жылда қолданылған есеп саясатына сәйкес келеді.

Жаңа және қайта қаралған стандарттар мен түсіндірулер

- 2011 жылғы 1 қаңтарда күшіне енген 24 ХҚЕС (IAS) түзету "Байланысты тараптар туралы ақпаратты ашып көрсету".
- 2010 жылғы 1 ақпанда күшіне енген 32 ХҚЕС (IAS) «Қаржы құралдары: ақпаратты ұсыну».
- 2011 жылғы 1 қаңтарда күшіне енген 14 IFRIC түсіндірмесі «Ең аз қаржыландыру туралы талапқа қатысты алдын ала төлемдер».
- ХҚЕС жетілдіру (2010 жылдың мамыр айы)

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**4. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ ЕЛЕУЛІ АСПЕКТІЛЕРІНЕ ШОЛУ (ЖАЛҒАСЫ)****Жаңа және қайта қаралған стандарттар мен түсіндірулер (жалғасы)**

Стандарттарды немесе түсіндірулерді қабылдау төменде сипатталған:

24 ХҚЕС (IAS) түзету "Байланысты тараптар туралы ақпаратты ашып көрсету"

ХҚЕС жөніндегі Кеңес байланысты тараптардың анықтамасын түсіндіріп беретін 24 ХҚЕС-ке (IAS) түзетуді жария етті. Жаңа анықтамаларда байланысты тараптардың қарым-қатынастары бөлігінде симметрияға көп көңіл бөлінген. Сондай-ақ түзету жеке тұлға немесе аға басқарушы персонал компанияның байланысты тараппен қарым-қатынастарына әсер ететін жағдайларды түсіндіріп береді. Сонымен бірге, түзету мемлекетпен немесе бақыланатын, есептілікті жасаушы-компания сияқты дәл сол мемлекет бірлесіп бақылайтын немесе соларға осы мемлекет едәуір ықпал ететін компаниялармен жасалатын мәмілелер үшін ақпаратты ашып көрсету жөніндегі талаптардан ерекшелікті көздейді. Түзетуді қолдану Топтың қаржылық жағдайына немесе қызметінің қаржылық нәтижелеріне әсер еткен жоқ.

32 ХҚЕС (IAS) түзетуі «Қаржы құралдары: ақпаратты ұсыну»

ХҚЕС жөніндегі Кеңес компанияларға акцияларға, опциондарға және үлестік құралдар ретінде варранттарға арналған құқықтарға белгілі бір шығарылымдарды жіктеуге мүмкіндік беретіндей етіп 32 ХБЕС-тегі (IAS) қаржылық міндеттеменің анықтамасын өзгертетін түзетуді жария етті. Бұл түзету, егер мұндай құқықтар пропорционалды негізде компанияның туынды емес үлестік құралдарының бір класының барлық иелеріне кез келген валютада тіркелген сома үшін компанияның меншікті үлестік құралдарының белгілі бір санын иемдену мақсатында мұндай құқықтарды берген жағдайда қолданылады. Түзету Топтың қаржылық жағдайына немесе қызметінің қаржылық нәтижелеріне әсерін тигізбеді, өйткені Топтың мұндай құралдары жоқ.

14 (IFRIC) түсіндірмесіне түзету "Ең аз қаржыландыру туралы талапқа қатысты алдын ала төлемдер"

Түзету компанияға қатысты ең аз қаржыландыру туралы талап қолданылғанда және компания мұндай талаптарды орындау мақсатында алдын ала төлемді жасағанда лайықсыз салдарды жояды. Түзету компанияға зейнетақы активі ретінде келешек қызметтердің құнына қатысты алдын ала төлемді мойындауға рұқсат береді. Топқа қатысты Қазақстан Республикасында қолданылатын ең аз қаржыландыру туралы талап қолданылмайды, сондықтан түсіндірмеге қатысты түзету Топтың қаржылық жағдайына немесе қызметінің қаржылық нәтижелеріне әсерін тигізбеді.

ХҚЕС жетілдіру

2010 жылдың мамыр айында ХҚЕС жөніндегі кеңес ішкі сәйкессіздіктерді жою және аталуын нақтылау мақсатында өзінің стандарттарына қатысты түзетулердің үшінші жинағын шығарды. Әрбір стандартқа қатысты жеке өтпелі ережелер бар. Төменде санамаланған стандарттарды қолдану (өзгерістерімен) Топтың қаржылық жағдайына немесе оның қызметінің нәтижелеріне әсер еткен жоқ.

- 3 ХҚЕС (IFRS) түзетуі «Бизнесті біріктіру» бақыланбайтын қатысу үлесін бағалау тәсілдеріне өзгерістер енгізді. Таратылған жағдайда өз иесіне компанияның таза активтеріндегі тепе-тең үлеске құқық беретін бақыланбайтын қатысу үлестерінің құрамдастары әділ құны бойынша не болмаса сатып алынатын компанияның сәйкестендірілетін таза активтеріндегі тепе-тең үлес бойынша бағалануы тиіс. Барлық басқа құрамдастар сатып алу күніне әділ құны бойынша бағалануы тиіс.
- 7 ХҚЕС (IFRS) түзету «Қаржы құралдары: ақпаратты ашып көрсету» ұсталып қалатын қамтамасыз ету туралы ашып көрсетілетін ақпараттың көлемін азайту есебінен ақпаратты ашып көрсетуге қойылатын талаптарды азайту және сипаттамалар контекстінде санды ақпаратты пайдалану туралы талаптың арқасында ақпаратты ашып көрсетуді жетілдіру мақсатында енгізілді.
- 1 ХБЕС-ке (IAS) түзету «Қаржылық есептілікті ұсыну» компания капиталдағы өзгерістер туралы есепте не болмаса қаржылық есептілікке ескертпелерде басқа да жиынтық кірістің әрбір құрамдасының талдауын ұсына алатындығын түсіндіреді.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

4. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ ЕЛЕУЛІ АСПЕКТІЛЕРІНЕ ШОЛУ (ЖАЛҒАСЫ)

ХҚЕС жетілдіру (жалғасы)

«ХҚЕС жетілдіру» жобасының нәтижесінде қабылданған, төменде көрсетілген басқа да түзетулер Топтың есеп саясатына, қаржылық жағдайына немесе қызмет нәтижелеріне әсерін тигізбеді:

- 3 ХҚЕС (IFRS) «Бизнесті біріктіру» (3 ХҚЕС (IFRS) қабылданғанға дейін жасалған бизнесті біріктіру мәмілелерімен негізделген шартты сыйақы (2008 жылғы редакцияда))
- 3 ХҚЕС (IFRS) «Бизнесті біріктіру» (Акцияларға негізделген төлемдермен бірге ерікті негізде ауыстырылмаған және ауыстырылған сыйақы)
- 27 ХҚЕС (IAS) «Шоғырландырылған және жеке қаржылық есептілік»;
- 34 ХҚЕС (IAS) «Аралық қаржылық есептілік»;

Төменде көрсетілген түсіндірмелер мен түсіндірмелерге түзетулер Топтың есеп саясатына, қаржылық жағдайына немесе қызметінің нәтижелеріне әсерін тигізбеді:

- 13 IFRIC түсіндірмесі «Клиенттердің адалдығын қолдауға бағытталған бағдарламалар» (бонустық бірліктердің әділ құнын анықтау).
- 19 IFRIC түсіндірмесі «Үлестік құралдарды ұсыну арқылы қаржылық міндеттемелерді өтеу»

Шығарылған, бірақ әлі күшіне енген стандарттар

Төменде Топтың Қаржылық есептілігін шығару күніне шығарылған, бірақ күшіне енген стандарттар келтіріледі. Тізімге Топтың тұрғысынан келешекте қолданылған жағдайда ақпараттың ашылып көрсетілуіне, қаржылық жағдайына немесе қаржылық қызметтің нәтижелеріне әсер ететін шығарылған стандарттар мен түсіндірмелер қосылған. Топ осы стандарттарды олардың күшіне ену күнінен бастап қолдануға ниет білдіріп отыр.

1 ХҚЕС (IAS) түзету «Қаржылық есептілік: ақпаратты ұсыну» – «Басқа да жиынтық кіріс баптарын ұсыну»

1 ХҚЕС (IAS) түзетулері басқа да жиынтық кіріс құрамында ұсынылатын баптардың топтастырылуын өзгертеді. Баптар келешекте белгілі бір сәтте (мысалы, мойындалуы немесе өтелуі тоқтаған жағдайда) пайда немесе зиян құрамында қайта жіктелуі мүмкін, олар ешқашан қайта жіктелмейтін баптан жеке ұсынылуы тиіс. Түзету тек ұсынылуына ғана әсер етеді және Топтың қаржылық жағдайын немесе қызметінің қаржылық нәтижелерін қозғамайды. Түзету 2012 жылғы 1 қаңтардан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық есепті кезеңдер үшін күшіне енеді.

12 ХҚЕС (IAS) «Табыс салығы» - «Кейінге қалдырылған салықтардың негізіндегі активтерді өтеу» түзетуі

Түзетуде әділ құн бойынша қайта бағаланатын инвестициялық жылжымайтын мүлікке қатысты кейінге қалдырылған салықты айқындау тетігі түсіндіріледі. Түзету аясында бағалануы үшін ХҚЕС (IAS) 40 сай әділ құнының үлгісі пайдаланылатын инвестициялық жылжымайтын мүлікке кейінге қалдырылған салық оның баланстық құны сату арқылы өтелетіндігіне сүйене отырып айқындалуы тиіс екендігіне дауланбайтын жорамал енгізіледі. Сонымен бірге, түзетуде активті сату туралы жорамалдың негізінде ғана ХҚЕС (IAS) 16 қайта бағалау үлгісіне сай бағаланатын амортизацияланбайтын активтер бойынша кейінге қалдырылған салықты есептеу қажеттілігі туралы талап енгізілді. Түзету 2012 жылғы 1 қаңтардан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық есепті кезеңдер үшін күшіне енеді.

19 ХҚЕС (IAS) түзету «Қызметкерлерге сыйақы»

ХҚЕС жөніндегі кеңес 19 ХҚЕС (IAS) бірнеше түзетуді жариялады. Олар фундаменталды өзгерістерден (мысалы, әділ тетігін және жоспар активтерінің күтілетін кірістілігінің ұғымын алып тастау) қарапайым түсіндірулерге және формулировкасын өзгертуге дейін өзгеріп отырады. Түзетулер 2013 жылдың 1 қаңтарынан басталатын жылдық есепті кезеңдер үшін күшіне енеді және Топтың қаржылық жағдайына немесе қызметінің нәтижелеріне әсерін тигізбейді.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

4. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ ЕЛЕУЛІ АСПЕКТІЛЕРІНЕ ШОЛУ (ЖАЛҒАСЫ)

Шығарылған, бірақ әлі күшіне енген стандарттар (жалғасы)

27 ХҚЕС (IAS) «Жекелеген қаржылық есептілік» (2011 жылғы редакцияда)

10 ХҚЕС (IFRS) пен 12 ХҚЕС (IFRS) жаңа стандарттарын жария етудің нәтижесінде жаңа редакциядағы 27 ХҚЕС (IAS) жекелеген қаржылық есептілікте еншілес, бірлесіп бақыланатын және қауымдасқан компанияларды есепке алумен шектеледі. Түзету 2013 жылғы 1 қаңтардан немесе осы мерзімнен кейін басталатын жылдық есепті кезеңдер үшін күшіне енеді.

28 ХҚЕС (IAS) «Қауымдасқан компанияларға және бірлескен кәсіпорындарға инвестициялар» (2011 жылғы редакцияда)

11 ХҚЕС (IFRS) пен 12 ХҚЕС (IFRS) жаңа стандарттарын жариялау нәтижесінде 28 ХҚЕС (IAS) «Қауымдасқан компанияларға және бірлескен кәсіпорындарға инвестициялар» атты 28 ХҚЕС (IAS) жаңа атауын алды және ол қауымдасқан компанияларға салынатын инвестицияларға қатысты ғана емес, сол сияқты бірлескен кәсіпорындарға салынатын инвестицияларға қатысты үлестік қатысу әдісін қолдануды сипаттайды. Түзету 2013 жылғы 1 қаңтардан басталатын жылдық есепті кезеңдер үшін күшіне енеді.

7 ХҚЕС (IFRS) түзету «Қаржы құралдары: ақпаратты ашып көрсету» - «Мойындалуын тоқтату туралы ақпаратты ашып көрсетуге қатысты жетілдірілген талаптар»

Түзету Топтың қаржылық есептілігін пайдаланушыларға мойындалуы тоқтатылмаған активтердің және тиісті міндеттемелердің өзара байланыс сипатын түсінуге мүмкіндік беру үшін берілген, бірақ мойындалуы тоқтамаған қаржы активтері туралы қосымша ақпаратты жария етуді талап етеді. Сонымен бірге, түзету Компанияның қаржылық есептілігін пайдаланушыларға мойындалуы тоқтаған мұндай активтерге компанияның жалғасып отырған қатысуының сипатын және осыған байланысты тәуекелдерді түсінуге мүмкіндік беру үшін мойындалуы тоқтаған активтерге жалғасып отырған қатысу туралы ақпаратты жария етуді талап етеді. Түзету 2011 жылғы 1 шілдеден немесе осы күннен кейін басталатын жылдық есепті кезеңдер үшін күшіне енеді. Түзету тек ақпаратты ашып көрсетуге ғана қатысты және Топтың қаржылық жағдайына немесе қызметінің нәтижелеріне әсер етпейді.

9 ХҚЕС (IFRS) «Қаржы құралдары: жіктеу және бағалау»

ХҚЕС жөніндегі кеңестің 39 ХҚЕС (IAS) ауыстыру жөніндегі жобасының бірінші кезеңінің нәтижелері бойынша шығарылған 9 ХҚЕС (IFRS) олар ХҚЕС (IAS) 39 айқындалғандай қаржылық активтер мен қаржылық міндеттемелерді жіктеуге және бағалауға қатысты қолданылады. Стандарт 2013 жылғы 1 қаңтардан немесе осы мерзімнен кейін басталатын жылдық есепті кезеңдерге қатысты күшіне енеді. Келесі кезеңдердің барысында ХҚЕС жөніндегі кеңес хеджирлеуді есепке алуды және қаржы активтерінің құнсыздануын қарастырады. Жоба 2011 жылы немесе 2012 жылдың бірінші жарты жылдығында аяқталады деп күтілуде. 9 ХҚЕС-тің (IFRS) бірінші кезеңін қолдану Топтың қаржылық активтерін жіктеуге және бағалауға әсерін тигізеді, бірақ қаржылық міндеттемелердің жіктелуіне және бағалауына әсерін тигізбейді. Аяқталған бейнені елестету үшін Топ осы стандарттың олар жарияланғаннан кейін жобаның басқа кезеңдерімен байланыстыра отырып қаржылық есептіліктегі тиісті сомаларға ықпалын бағалайды.

10 ХҚЕС (IAS) «Шоғырландырылған қаржылық есептілік»

10 ХҚЕС (IFRS) шоғырландырылған қаржылық есептіліктің есебінде қарастырылған 27 ХҚЕС (IAS) «Шоғырландырылған және жекелеген қаржылық есептіліктің» бір бөлігін ауыстырады. Сондай-ақ стандарт ПКИ-12 түсіндірмесінде «Шоғырлану – арнайы мақсаттағы компаниялар» қарастырылған мәселелерді қозғайды.

10 ХҚЕС (IFRS) арнайы мақсаттағы компанияларды қоса алғанда, барлық компанияларға қатысты қолданылатын бірегей бақылау үлгісін көздейді. 10 ХҚЕС (IFRS) стандартымен енгізілетін өзгерістер басшылықтан компаниялардың қайсысы бақыланатынын айқындау кезінде пайымдаулардың едәуір көлемін қажет етеді және тиісінше, 27 ХҚЕС (IAS) талаптарын қолдану кезінде бас компаниямен шоғырландырылуы тиіс.

Стандарт 2013 жылдың 1 қаңтарынан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық есепті кезеңдерге қатысты қолданылады.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

4. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ ЕЛЕУЛІ АСПЕКТІЛЕРІНЕ ШОЛУ (ЖАЛҒАСЫ)

Шығарылған, бірақ әлі күшіне енген стандарттар (жалғасы)

ХҚЕС (IFRS) 11 «Бірлескен қызмет туралы келісім»

11 ХҚЕС (IFRS) «Бірлескен қызметке қатысу» атты 31 ХБЕС (IAS) және «Бірлесіп бақыланатын компаниялар – қатысушылардың монетарлық емес салымдары» атты ПКІ-13 түсіндірмесін ауыстырады. 11 ХҚЕС (IFRS) пропорционалды шоғырландыру әдісімен бірлесіп бақыланатын компанияларды есепке алу мүмкіндігін жоққа шығарады.

Соның орнына бірлескен кәсіпорындардың анықтамасын қанағаттандыратын бірлесіп бақыланатын компаниялар үлестік қатысу әдісі бойынша ескеріледі. Топтың бірлескен қызмет туралы еш келісімдері жоқ және стандарт қабылдануының қаржылық есептілікке әсерін күтпейді.

Стандарт 2013 жылдың 1 қаңтарынан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық есепті кезеңдерге қатысты қолданылады.

ХҚЕС (IFRS) 12 «Басқа компанияларға қатысу үлестері туралы ақпаратты ашып көрсету»

12 ХҚЕС (IFRS) шоғырландырылған қаржылық есептілік бөлігінде бұрын 27 ХҚЕС (IAS) көзделген ақпаратты ашып көрсетуге қойылатын барлық талаптар, сондай-ақ бұрын 31 ХҚЕС (IAS) мен 28 ХҚЕС (IAS) көзделген ақпаратты ашып көрсетуге қойылатын барлық талаптар қамтылған. Ақпаратты ашып көрсетуге қатысты мұндай талаптар компанияның еншілес компанияларға, бірлескен қызметке, ассоциацияланған және құрылымдалған компанияларға қатысу үлестеріне жатады. Сондай-ақ ақпаратты ашып көрсетуге қатысты белгілі бір жаңа талаптар енгізілді. Стандарт 2013 жылдың 1 қаңтарынан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық есепті кезеңдерге қатысты қолданылады.

13 ХҚЕС (IFRS) «Әділ құнды бағалау»

13 ХҚЕС (IFRS) бір стандартта ХҚЕС-ке сай әділ құнын бағалауға қатысты барлық нұсқауларды біріктіреді. 13 ХҚЕС (IFRS) компаниялар әділ құнды пайдалануға міндетті болған кезінде өзгерістерді енгізбей, әділ құнды пайдалану қажет болғанда немесе рұқсат етілгенде ХҚЕС-ке сай әділ құнды бағалауға қатысты нұсқауларды береді. Қазіргі уақытта Топ мұндай стандарттың қолданылуының қаржылық жағдайға және қызметтің қаржылық нәтижелеріне әсерін бағалайды. Стандарт 2013 жылғы 1 қаңтардан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық есепті кезеңдерге қатысты қолданылады.

Шетел валютасын қайта есептеу

Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігі теңгемен берілген, әрі ол Компания мен оның еншілес ұйымдарының функционалдық валютасы болып табылады. Теңге Компания мен оның еншілес ұйымдары қызмет ететін негізгі экономикалық қоршаудың валютасы болып табылады. Топтың әр компаниясы өзінің жеке функционалды валютасын айқындайды және әрбір компанияның қаржылық есептілігіне қосылған баптар осы функционалдық валютада бағаланып отырады.

Шетел валюталарындағы операциялар бастапқыда операциялар мойындау критерийлерін қанағаттандыратын күнге қолданылатын спот-бағамы бойынша олардың функционалдық валютасында Топ компанияларымен ескеріледі.

Шетел валютасында көрсетілген монетарлық активтер мен міндеттемелер есепті күнге қолданылатын функционалды валютаның спот-бағамы бойынша қайта есептеледі. Барлық айырмалар Пайда мен зияндар туралы есепте көрсетіледі.

Тарихи құнның негізінде шетелдік валютада бағаланатын монетарлық емес баптар бастапқы мәмілелер жасалған күні қолданыста болған бағамдар бойынша қайта есептеледі. Әділ құн бойынша шетелдік валютада бағаланатын монетарлық емес баптар әділ құн белгіленген күні қолданыста болған бағамдар бойынша қайта есептеледі.

Ресми айырбас бағамдары ретінде Қазақстан Республикасында Қазақстан қор биржасында («ҚҚБ») белгіленген орташа алынған валюта бағамдары пайдаланылады.

ҚҚБ 2011 жылғы 31 желтоқсанда белгілеген АҚШ долларының айырбас бағамы 1 АҚШ долларына шаққанда 148,4 теңгені құрады (2010 жылы: 1 АҚШ долларына шаққанда 147,5 теңге).

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**4. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ ЕЛЕУЛІ АСПЕКТІЛЕРІНЕ ШОЛУ (ЖАЛҒАСЫ)****Кірістерді мойындау**

Егер Топтың экономикалық пайданы алуы ықтимал деп бағаланса және егер түсім төлемнің жасалу уақытына қарамастан сенімді түрде бағалай алынса, түсім мойындалады. Түсім шартта айқындалған төлем талаптарын ескере отырып және салықтарды немесе алымдарды шегере отырып, алынған немесе алынуға жататын сыйақының әділ құны бойынша бағаланады. Топ принципал немесе агент ретінде болатындығын айқындау мақсатында белгілі бір критерийлерге сәйкес түсім алуды көздейтін өзі жасайтын шарттарды талдайды. Топ ол барлық мұндай шарттар бойынша принципал ретінде болады деген тұжырымға келді. Түсімді мойындау үшін келесі критерийлер орындалуы тиіс:

Жылжымайтын мүлікті сату

Жылжымайтын мүлікті сатудан түскен кіріс, әдетте, жылжымайтын мүлікті иелік етуден болған едәуір тәуекелдер мен пайдалар сатып алушыға өткенде мойындалады. Аяқталмаған жылжымайтын мүлік объектілеріне арналған талап ету құқықтарын беруден түскен кірістер сатып алушыға талап ету құқықтарымен байланысты елеулі тәуекелдер мен пайданы беру кезінде мойындалады.

Жалға беруден түскен кіріс

Жалдаумен байланысты бастапқы тікелей шығындарды шегергенде, операциялық жалдаудан болған дебиторлық берешек, олар пайда болғанда мойындалатын жалдаудан болған шартты кірістерді қоспағанда, жалдау мерзімінің ішінде тепе-тең негізде мойындалады.

Пайыздық кіріс

Амортизацияланған құн және сату үшін қолда бар деп жіктелген пайыздық қаржы активтері бойынша бағаланатын барлық қаржы құралдары бойынша пайыздық кіріс немесе шығыс тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып мойындалады, әрі ол қаржы құралын болжамды пайдалану мерзімінің бойында немесе егер бұл орынды болса, қаржы активінің немесе міндеттеменің таза баланстық құнына дейінгі ұзақ емес кезеңнің ішінде күтілетін келешек төлемдерді немесе ақша қаражатының түсімдерін дәл дисконттайды. Пайыздық табыс Пайда мен зияндар туралы есепте қаржыландырудан түскен табыстар құрамына енгізіледі.

Шығыстарды тану

Шығыстар пайда болу шамасына қарай танылады және олар есептеу қағидатының негізіне жатқызылған сол кезеңде пайда мен зияндар туралы шоғырландырылған есепте көрсетіледі.

Қарыздар бойынша шығыстар

Топтың ниетіне сәйкес пайдалануға немесе сатуға дайындау үшін ұзақ уақыт кезеңін міндетті түрде талап ететін активті сатып алумен, салумен немесе өндірумен тікелей байланысты қарыздар бойынша шығындар мұндай активтің бастапқы құны ретінде капиталданады. Заемдар бойынша барлық өзге шығындар келтірілген есепті кезеңдегі шығындарға жатқызылады. Қарыздар бойынша шығындарға пайыздардың төленуі және Топ қарызға алынған қаражатпен байланысты шеккен басқа да шығындар жатады.

Табыс салығы*Ағымдағы табыс салығы*

Ағымдағы кезең үшін ағымдағы табыс салығы бойынша салық активтері мен міндеттемелер салық органдарынан өтелуге немесе салық органдарына төленуге болжанатын сома бойынша бағаланады. Осы соманы есептеу үшін қолданылатын салық мөлшерлемелері мен салық заңнамасы, — есепті күнге қабылданған немесе нақты қабылданған мөлшерлемелер мен заңнама.

Тікелей капиталда мойындалған баптарға қатысты ағымдағы табыс салығы Пайда мен зияндар туралы есепте емес, капитал құрамында мойындалады. Топ басшылығы соған қатысты тиісті салық заңнамасы әртүрлі түсіндірілуі мүмкін салық декларацияларында көрсетілген позицияларды мерзімді етіп бағалайды және қажетіне қарай резервтерді құрады.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

4. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ ЕЛЕУЛІ АСПЕКТІЛЕРІНЕ ШОЛУ (ЖАЛҒАСЫ)

мерзімі ұзартылған табыс салығы бойынша жеңілдіктер

Кейінге қалдырылған табыс салығы

Кейінге қалдырылған салық активтер мен міндеттемелердің салық базасы мен олардың баланстық құны арасындағы есепті күнге Қаржылық есептілік мақсаттары үшін уақытша айырмаларды айқындау арқылы міндеттемелер әдісі бойынша есептеледі.

Кейінге қалдырылған салық міндеттемелері мына жағдайлардан басқа, барлық салық салынатын уақыт айырмалары бойынша мойындалады:

- кейінге қалдырылған салық міндеттемесі бизнесті біріктіру болып табылмайтын мәміленің барысында гудвилді, активті немесе міндеттемені бастапқыда мойындау нәтижесінде туындайды және операцияны жасау сәтіне бухгалтерлік табысқа да, сол сияқты салық салынатын табысқа немесе шығынға ықпал етпейді;
- еншілес компанияларға, ассоциацияланған компанияларға инвестициялармен, сондай-ақ бірлескен қызметке қатысу үлестерімен байланысты салық салынатын уақыт айырмаларына қатысты, егер уақыт бөлуінде уақыт айырмасының азаюын бақылау жасауға мүмкін болса және уақыт айырмасы таяу арада азайтылмайды деген едәуір ықтималдылық болса.

Кейінге қалдырылған салық активтері, мына жағдайлардан басқа, соған қарсы есептен шығарылатын уақыт айырмалары, пайдаланылмаған салық жеңілдіктері мен пайдаланылмаған салық шығындары есепке алынуы мүмкін салық салынатын пайда болады деген едәуір ықтималдылық болатын дәрежеде барлық есептен шығарылатын уақыт айырмалары, пайдаланылмаған салық жеңілдіктері және пайдаланылмаған салық шығындары бойынша мойындалады:

- есептен шығарылатын уақыт айырмасына қатысты кейінге қалдырылған салық активі бизнесті біріктірудің салдарынан емес пайда болған және операцияны жасау сәтіне бухгалтерлік табысқа да, сол сияқты салық салынатын табысқа немесе шығынға ықпал етпейтін активті немесе міндеттемені бастапқыда мойындау нәтижесінде туындайды;
- еншілес компанияларға, ассоциацияланған компанияларға инвестициялармен, сондай-ақ бірлескен қызметке қатысу үлестерімен байланысты есептен шығарылатын уақыт айырмаларына қатысты кейінге қалдырылған салық активтері уақыт айырмалары келешекте пайдаланылады және соған қарсы уақыт айырмалары қолданылуы мүмкін салық салынатын пайда орын алады деген айтарлықтай ықтималдылық бар дәрежеде ғана мойындалады.

Кейінге қалдырылған салық активтерінің баланстық құны әрбір есепті күнге қайта қаралып, кейінге қалдырылған салық активтерінің барлығын немесе бір бөлігін пайдалануға мүмкіндік беретін жеткілікті салық салынатын табысқа қол жеткізу шамалы деп бағаланатын дәрежеде азаяды. Мойындалмаған кейінге қалдырылған салық активтері әрбір есепті күнге қайта қаралады және келешек салық салынатын пайда кейінге қалдырылған салық активтерін пайдалануға мүмкіндік береді деген едәуір ықтималдық туындаған дәрежеде ғана мойындалады.

Кейінге қалдырылған салық активтері мен міндеттемелер қабылданған немесе нақты қабылданған есепті күнгі жағдай бойынша салық мөлшерлемелерінің (және салық заңнамасының) негізінде актив өткізіледі, ал міндеттеме өтеледі деген есепті жылда қолданатын болады деп болжанатын салық мөлшерлемелері бойынша бағаланады.

Табыс немесе шығын құрамында мойындалған баптарға қатысты кейінге қалдырылған салық табыс немесе шығын құрамында мойындалмайды. Кейінге қалдырылған салықтар баптары олардың негізіндегі операцияларға сәйкес не болмаса басқа да жиынтық кірістің құрамында немесе тікелей капиталда мойындалады.

Кейінге қалдырылған салық активтері мен кейінге қалдырылған салық міндеттемелері, егер заңи тұрғыдан бекітілген ағымдағы салық активтері мен міндеттемелерді есепке алу құқығы болса және кейінге қалдырылған салықтар дәл сол салық салынатын компанияға немесе салық органына қатысты болса, бір біріне қарсы есепке алынады.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

4. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ ЕЛЕУЛІ АСПЕКТІЛЕРІНЕ ШОЛУ (ЖАЛҒАСЫ)

Қызметкерлерге сыйақылар

Әлеуметтік салық

Топ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнаманың талаптарына сәйкес әлеуметтік салық төлейді. Әлеуметтік салық бойынша шығыстар олардың пайда болу сәтіндегі шығыстарға жатады.

Белгіленген жарналармен зейнетақы жоспарлары

Топ арнайы зейнетақы қорларына жарналар ретінде өзінің қызметкерлерінің жалақысынан 10% ұстайды. Заңнаманың талаптарына сәйкес зейнетақы төлемдері үшін жауапкершілік қызметкерлердің мойнында, бұл ретте Топтың еңбек қызметі аяқталғаннан кейін қызметкерлерге өтемақыларды төлеу бойынша ағымдағы немесе келешек міндеттемелері жоқ.

Қаржы активтері

Бастапқы мойындау және бағалау

39 ХҚЕС (IAS) әрекет ету саласындағы қаржылық активтер сәйкесінше кіріс немесе шығыс арқылы әділ құны бойынша қайта бағаланатын қаржылық активтер; өтеуге дейінгі кредиттер мен дебиторлық қарыздар, инвестициялар, сату үшін қолда бар қаржылық активтер ретінде белгіленген туынды құралдар ретінде жіктеледі. Топ өзінің қаржылық активтерін оларды бастапқы мойындау кезінде жіктейді.

Қаржы активтері бастапқыда инвестициялар болған жағдайда ұлғайтылған, мәміле бойынша сонымен тікелей байланысты шығындарға табыс не болмаса залал арқылы әділ құны бойынша қайта бағаланбайтын әділ құны бойынша мойындалады.

Заңнамада немесе белгілі бір нарықта қабылданған ережелерде белгіленген мерзімде активті жеткізуді талап ететін қаржылық активтерді сатып алу немесе сату бойынша барлық мәмілелер ("стандартты талаптардағы" сауда) мәмілені жасау күніне, яғни Топ өз мойнына активті сатып алу немесе сату міндеттемесін қабылдаған күнге мойындалады.

Топтың қаржылық активтеріне ақша қаражаты мен қысқа мерзімді әрі ұзақ мерзімді депозиттер, мемлекеттік облигациялар сауда және басқа да дебиторлық берешек, қарыздар және сыйақыны есептей отырып құрылыс компанияларына төленген сомалар сияқты алынатын басқа да сомалар жатады.

Одан кейінгі бағалау

Қаржылық активтерді одан кейінгі бағалау олардың жіктелуіне былайша тәуелді болады:

Пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша қайта бағаланатын қаржылық активтер

«Кіріс немесе шығын арқылы қайта бағаланатын қаржылық активтер» санатына саудаға арналған қаржылық активтер және кіріс немесе шығын арқылы қайта бағаланатын қаржылық активтер санатында бастапқы тануға жатқызылған қаржылық активтер жатады. Қаржылық активтер жақын болашақта сату мақсатында сатып алынған жағдайда саудаға арналған деп жіктеледі. Кіріс немесе шығын арқылы қайта бағаланатын қаржылық активтер әділ құны бойынша Қаржылық жағдай туралы есепте ескеріледі, ал әділ құнының өзгеруі Пайда мен зияндар туралы есепте қаржыландырудан түскен кірістер немесе қаржыландыруға жұмсалған шығыстар құрамында танылады.

Топтың пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша қайта бағаланатын ретінде айқындалған қаржы активтері жоқ.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**4. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ ЕЛЕУЛІ АСПЕКТІЛЕРІНЕ ШОЛУ (ЖАЛҒАСЫ)****Қаржы активтері (жалғасы)**

Пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша қайта бааланатын қаржылық активтер (жалғасы)

Топ туынды құралдарға ұқсамайтын саудаға арналған қаржы активтерін оларды таяу арада сату ниетінің бар-жоғы туралы жорамалдың орындылығына қатысты талдайды. Егер сирек жағдайларда Топ солар үшін белсенді нарықтардың болмауының салдарынан осы активтермен сауда жасауға шамасы келмесе және басшылықтың оларды таяу арада сатуға қатысты ниеті өзгеріп кетсе, Топ мұндай қаржы активтерін қайта жіктеу туралы шешімді қабылдай алады. Қарыздар мен дебиторлық берешек, сату үшін қолда бар құралдарының немесе өтеуге дейін ұсталатын қаржы құралдарының санатындағы мұндай активтердің қайта жіктелуі активтің сипатына байланысты болады. Жүргізілген талдау компанияның әділ құн бойынша есепке алу мүмкіндігін пайдалануына орай пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша қайта бааланатын деп жіктелген қаржы активтеріне әсерін тигізбейді; мұндай құралдар бастапқыда мойындалғаннан кейін қайта жіктеле алмайды.

Ақша қаражаты және олардың баламалары

Қаржылық жағдай туралы есептегі ақша қаражаты мен олардың баламаларына банктердегі ақша қаражаты және кассадағы қолма-қол ақша, сондай-ақ бастапқы өтеу мерзімі үш айдан аспайтын қысқа мерзімді депозиттер жатады.

Заемдар және дебиторлық берешек

Қарыздар мен дебиторлық берешек, ұзақ мерзімді депозиттерді қоса алғанда, белсенді нарықта жүрмейтін белгіленген немесе айқындалатын төлемдері бар туынды емес қаржы активтерін білдіреді. Бастапқыда мойындалғаннан кейін осы сияқты қаржы активтері құнсызданудан болған шығындарды шегере отырып, тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып айқындалған амортизациялық құны бойынша бағаланады. Амортизациялық құн сатып алу кезіндегі дисконттарды немесе сыйлықақыларды, сондай-ақ тиімді пайыздық мөлшерлеменің ажыратылмас бөлігі болып табылатын комиссиялық немесе шығындарды ескере отырып есептеледі. Тиімді пайыздық мөлшерлемені пайдалану негізіндегі амортизация Пайда немесе зияндар туралы есепте қаржыландырудан түскен кірістердің құрамына жатқызылады. Құнсызданумен негізделген шығыстар Пайда мен зияндар туралы есепте қарыздар болған жағдайда қаржыландыру шығындарының құрамында және дебиторлық берешек болған жағдайда басқа да операциялық шығыстардың құрамында мойындалады.

Сату үшін қолда бар қаржылық инвестициялар

Сату үшін қолда бар қаржы инвестицияларына борыштық бағалы қағаздар жатады. Осы санаттағы борыштық бағалы қағаздар – Топ белгісіз уақыт кезеңі ішінде ұстап отырғысы келетін және өтімділікті қамтамасыз ету мақсатында немесе нарықтық талаптардың өзгеруіне жауап ретінде сатылу мүмкін бағалы қағаздар.

Бастапқыда мойындалғаннан кейін сату үшін қолда бар қаржы инвестициялары әділ құны бойынша бағаланады, ал солар бойынша өткізілмеген кірістер немесе шығыстар сату үшін қолда бар құралдар қорының құрамында басқа да жиынтық кіріс ретінде жинақталған кірістер немесе шығыстар басқа операциялық кірістің құрамында мойындалатын инвестицияларды мойындау тоқтаған сәтке дейін не болмаса жинақталған шығыстар сату үшін қолда бар құралдардың қорынан пайда немесе зиян құрамына қайта жіктелгенде инвестициялар құнсызданған болып есептелген сәтке дейін мойындалады және қаржыландыру бойынша шығындар ретінде мойындалады. Сату үшін қолда бар қаржы инвестицияларын ұстау кезеңінде түскен пайыздар тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісі бойынша пайыздық кірістер ретінде көрсетіледі.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**4. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ ЕЛЕУЛІ АСПЕКТІЛЕРІНЕ ШОЛУ (ЖАЛҒАСЫ)****Қаржы активтері (жалғасы)***Мойындауды тоқтату*

Қаржылық активтің (немесе, қолданылатын жерде – қаржылық актив бөлігі немесе ұқсас қаржылық активтер тобының бір бөлігі) мына жағдайларда танылуы тоқтатылады:

- активтен келетін ақша ағындарын алу құқығының қолданылу мерзімі аяқталса, қаржы активі (немесе қолданылуына қарай - қаржы активінің бір бөлігі немесе ұқсас қаржы активтері топтарының бір бөлігі) қаржылық жай-күй туралы есепте мойындалуын тоқтатады.
- Топ активтен ақша ағымын алу құқығын берсе не болмаса үшінші тарапқа түсетін ақша ағымдарын толық көлемде және «транзиттік» келісім бойынша ешбір елеулі кідірісінз төлеу бойынша өз мойнына міндеттеме алса; және не болмаса (а) Топ активтен болатын барлық тәуекелдер мен пайданы берсе, не болмаса (б) Топ активтен болатын барлық тәуекелдер мен пайданы бермей, оларды сақтамаса, бірақ осы активтің бақылауын берсе.

Егер Топ активтен ақша ағындарын алуға арналған өзінің барлық құқықтарын берсе не болмаса транзиттік келісімді жасаса, ол меншік құқығымен байланысты тәуекелдер мен пайданы сақтап қалғандығын, және егер сақтап қалса, қай көлемде сақтағандығын бағалайды. Егер Топ активтен болған барлық тәуекелдер мен пайданы бермесе, бірақ оны өзінде сақтамаса, сондай-ақ жаңа активке бақылау бермесе, жаңа актив Топ берілген активте өзінің қатысуын жалғастыратын дәрежеде мойындалады. Мұндай жағдайда Топ тиісті міндеттемені мойындайды. Берілген актив және тиісті міндеттеме Топ сақтаған құқықтар мен міндеттемелерді көрсететін негізде бағаланады.

Берілген актив бойынша кепілдік түрін қабылдайтын жалғасып отырған қатысу келесі өлшемдердің ең азы бойынша танылады: активтің бастапқы баланстық құны немесе төленуін Топ талап етуі мүмкін ең көп соманың ең азы бойынша мойындалады.

Қаржылық активтердің құнсыздануы

Әрбір есепті күнге Топ қаржылық активтің немесе қаржылық активтер тобының құнсыздануының объективті белгілерінің болуын бағалайды. Қаржылық актив немесе қаржылық активтер тобы активті бастапқы мойындаудан кейін орын алған бір немесе одан артық оқиға (орын алған «шығынның туындау жағдайы») нәтижесінде құнсызданудың объективті дәлелі болған жағдайда құнсызданған болып есептеледі, әрі олар сенімді түрде бағалауға болатын қаржылық актив немесе қаржылық активтер тобы бойынша күтілетін болашақ ақша қаражаты ағындарына әсер етті. Құнсыздану дәлеліне борышкер немесе борышкерлер тобы айтарлықтай қаржылық қиындықтарды бастап өткізіп отырғанына, өз берешегіне қызмет көрсете алмай отырғанына немесе пайыздарды не болмаса негізгі берешек сомасын дұрыс төлемей отырғанына, сондай-ақ олар банкроттық процедурасын немесе өзге де қаржылық қайта ұйымдастыруды жасайтындығына нұсқаулар кіруі мүмкін. Сонымен бірге, мұндай дәлелдерге бағалауға болатын қаржы құралы бойынша күтілетін келешек ақша ағындарының азаюына көрсететін байқалатын деректер, атап айтқанда, мерзімі өткен берешек көлемдерінің және борыштарды төлеу міндеттемелерін орындаудан бас тартулармен белгілі бір өзара байланысты болатын экономикалық жағдайлардың өзгеруі жатады.

Амортизацияланған құн бойынша есептелетін қаржылық активтер

Амортизацияланған құн бойынша ескерілетін қаржылық активтерге қатысты Топ ең алдымен дербес маңызды қаржылық активтердің объективті құнсыздану дәлелдеріне жеке бағалау не болмаса дербес маңызды болып табылмайтын қаржы активтері бойынша жиынтық бағалау жасайды. Егер Топ дербес бағаланатын қаржылық актив құнсыздануының объективті дәлелдері жоқ деп анықтаса, ол осы активті дәл сондай кредиттік тәуекел сипаттамалары бар қаржылық активтер тобына қосады, ал содан кейін осы активтерді жиынтық негізде құнсыздану мәніне қарастырады. Солар бойынша құнсыздану шығындары мойындалатын не болмаса мойындалуы жалғасатын құнсыздану затына жеке бағаланатын активтер құнсыздану затына жиынтық бағалауға қосылмайды.

Құнсыздану шығыны болуының объективті дәлелі болғанда шығын сомасы активтің баланстық құны мен күтілетін келешек ақша ағындарының келтірілген құны арасындағы айырма ретінде (әлі бола қоймаған келешекте күтілетін кредиттік шығындарды есепке алмастан) бағаланады. Есептік келешек ақша ағындарының келтірілген құны қаржылық актив бойынша бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлеме бойынша дисконтталады. Егер қарыз бойынша пайыздық мөлшерлеме құбылмалы болып табылса, құнсыздану шығынын бағалау үшін дисконттау мөлшерлемесі пайыздың ағымдағы тиімді мөлшерлемесін білдіреді.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**4. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ ЕЛЕУЛІ АСПЕКТІЛЕРІНЕ ШОЛУ (ЖАЛҒАСЫ)****Қаржы активтерінің қозғалысы (жалғасы)***Амортизацияланған құн бойынша есептелетін қаржылық активтер (жалғасы)*

Активтің баланстық құны резерв шотын пайдалану арқылы төмендетіледі, ал шығын сомасы Пайда мен зияндар туралы есепте танылады. Төмендетілген баланстық құн бойынша пайыздық кірісті есептеу, құнсызданудан болған шығынды бағалау мақсатында болашақ ақша ағындарын дисконттау үшін қолданылатын пайыздық мөлшерлемеге негізделі отырып жалғаса береді. Пайыздық кірістер Пайда мен зияндар туралы есептің қаржыландырудан түскен кіріс құрамында көрсетіледі. Қарыздар тиісті резервтермен бірге, егер оларды келешекте нақты өтеу мүмкіндігі болмаса, ал барлық қолжетімді қамтамасыз ету сатылып не болмаса Топқа берілсе, баланстан есептен шығарылады. Егер келесі жылдың ішінде құнсызданудан болған есепті шығынның сомасы құнсыздану мойындалғаннан кейін болған қандай да бір оқиғаның салдарынан ұлғаятын не болмаса азаятын болса, құнсызданудан болған бұрын мойындалған шығын сомасы резерв шотының түзетілуі арқылы ұлғаяды не болмаса азаяды. Егер қаржы құралының құнын бұрынғы есептен шығарылуы кейіннен қалпына келтірілсе, қалпына келтіру сомасы Пайда мен зияндар туралы есепте қаржыландыру шығындарының құрамында мойындалады.

Сату үшін қолда бар қаржылық инвестициялар

Сату үшін қолда бар қаржы инвестицияларына қатысты Топ әрбір есепті күнге инвестициялар немесе инвестициялар тобы құнсыздануға ұшырағандығының объективті дәлелінің бар екендігін бағалайды.

Сату үшін қолда бар деп жіктелген борыштық құралдар жағдайында құнсыздану амортизациялық құн бойынша ескерілетін қаржы активтеріне қатысты қолданылатын дәл сол критерийлердің негізінде бағаланады. Дегенмен құнсызданудан болған шығын сомасы бұрын Пайда мен зияндар туралы есепте мойындалған осы инвестициялар бойынша құнсыздану шығынын шегере отырып, амортизацияланған құн мен ағымдағы әділ құн арасындағы айырма ретінде бағаланған жинақталған шығынды білдіреді.

Активтің азайтылған баланстық құнына қатысты пайыздардың есептелуі құнсыздану шығынын бағалау мақсатында келешек ақша ағындарын дисконттау үшін пайдаланылған пайыздық мөлшерлеме бойынша жалғасады. Пайыздық кірістер Пайда мен зияндар туралы есептің қаржыландырудан түскен кіріс құрамында көрсетіледі. Егер келесі жылдың ішінде борыштық құралдың әділ құны көбейсе және бұл өсім объективті түрде құнсыздану шығындары Пайда мен зияндар туралы есепте танылғаннан кейін болған оқиғаға байланысты болса, онда құнсыздану шығыны пайда мен зияндар туралы есеп арқылы қалпына келтіріледі.

Қаржылық міндеттемелер*Бастапқы мойындау және бағалау*

39 ХКЕС (IAS) қолданылу аясындағы қаржылық активтер пайда немесе зиян немесе кредиттер мен қарыздар арқылы әділ құны бойынша қайта бағаланатын қаржылық міндеттемелер ретінде жіктеледі. Топ өзінің қаржылық активтерін оларды бастапқы мойындау кезінде жіктейді.

Қаржылық міндеттемелер бастапқыда қарыздар болған жағдайда тікелей солармен байланысты мәміле бойынша шығындарға көбейтілген әділ құны бойынша мойындалады.

Топтың қаржылық міндеттемелеріне сауда кредиторлық берешек, Бас компанияның қарыздары жатады.

Одан кейінгі бағалау

Қаржылық міндеттемелерді одан кейінгі бағалау олардың жіктелуіне былайша тәуелді болады:

Сауда кредиторлық берешек

Сауда кредиторлық берешек бойынша міндеттемелер Топқа шоттардың жазылып берілуіне қарамастан алынған тауарлар мен көрсетілген қызметтер үшін келешекте төленуі тиіс болатын соманың әділ құны болып табылатын бастапқы құн бойынша ескеріледі.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

4. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ ЕЛЕУЛІ АСПЕКТІЛЕРІНЕ ШОЛУ (ЖАЛҒАСЫ)

Қаржылық міндеттемелер (жалғасы)

Одан кейінгі бағалау (жалғасы)

Бас компаниядан алынған қарыз

Бас компаниядан алынған қарыз бастапқы танудан кейін тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісі бойынша амортизацияланған құны бойынша көрсетіледі. Тиісті кірістер мен шығыстар міндеттемелерді тану тоқтатылған кезде, сондай-ақ амортизацияның есептелуіне қарай Пайда мен зияндар туралы есепте мойындалады.

Амортизациялық құн сатып алу кезіндегі дисконттарды немесе сыйлықақыларды, сондай-ақ тиімді пайыздық мөлшерлеменің ажыратылмас бөлігі болып табылатын комиссиялық немесе шығындарды ескере отырып есептеледі. Тиімді пайыздық мөлшерлеме амортизациясы Пайда мен зияндар туралы есепте қаржыландырудан болған шығыстар құрамына енгізіледі.

Мойындауды тоқтату

Қаржылық жағдай туралы есепте қаржылық міндеттеменің танылуы, егер міндеттеме өтелсе, күші жойылса, немесе оның әрекет ету мерзімі аяқталған жағдайда тоқтатылады.

Егер Бас компанияның алдындағы қаржылық міндеттеме біршама айырмашылығы бар шарттарда Бас компанияның алдындағы өзге міндеттемеге ауыстырылса немесе, егер бар қаржылық міндеттеменің талаптары біршама өзгертілсе, мұндай ауыстыру немесе өзгерістер бастапқы міндеттемені тануды тоқтату және жаңа міндеттемені тануды бастау деп есептеледі, ал олардың баланстық құнындағы айырма Капиталдағы өзгерістер туралы есепте танылады.

Қаржы құралдарын өзара есепке алу

Қаржы активтері мен қаржы міндеттемелері өзара есепке алынуға жатады, ал нетто-сомасы мына жағдайларда Қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте ұсынылады:

- қазіргі сәтте мойындалған сомаларды өзара есепке алуға арналған заңды құқық болғанда;
- нетто-негізде есептесуді жасау не болмаса активтерді өткізу және осымен бір мезгілде міндеттемелерді өтеу ниеті болғанда.

Қаржы құралдарының әділ құны

Әрбір есепті күнге белсенді нарықтарда саудалануы жүзеге асырылып отырған қаржы құралдарының әділ құны мәміле бойынша шығыстар шегерілмей нарықтық баға белгілеулерге немесе дилерлердің баға белгілеулеріне сүйене отырып (ұзақ позицияларды сатып алуға арналған баға белгілеу және қысқа позицияларды сатуға арналған баға белгілеу) анықталады.

Белсенді нарықта саудалануы жүзеге асырылмайтын өзге қаржы құралдарының әділ құны ыңғайлы бағалау әдістемелері пайдалана отырып анықталады. Мұндай әдістемелерге мыналар кіруі мүмкін:

- коммерциялық негізде жуырда жасалған мәмілелердің бағаларын пайдалану;
- ұқсас құралдардың ағымдағы әділ құнын пайдалану;
- дисконтталған ақша ағындарын не болмаса бағалаудың басқа да үлгілерін талдау.

Қаржы құралдарының әділ құнын талдау және оны айқындау әдістері туралы қосымша ақпарат 27-ескертпеде келтіріледі.

Құрылыс компанияларына берілген аванстар

Құрылыс компанияларына берілген аванстар инвестициялық жылжымайтын мүлік объектілерін салу үшін төленген аванстық төлемдерді білдіреді. Құрылыс компанияларына берілген аванстар, егер болса, құнсыздануды шегеру арқылы үлестік қатысу шарттарын жасау күніне құны (нақты аударылған сома) бойынша бағаланады. Объектіге қатысты меншік құқығының құрылыс компаниясынан Топқа ауысу сәтіне құрылыс компанияларына берілген аванстың баптары жабылады.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**4. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ ЕЛЕУЛІ АСПЕКТІЛЕРІНЕ ШОЛУ (ЖАЛҒАСЫ)****Инвестициялық жылжымайтын мүлік**

Инвестициялық жылжымайтын мүлікке жалдау ақысын немесе капитал құнының өсуінен болған кірісті немесе соны әлде басқасын алу үшін ұсталатын жылжымайтын мүлік кіреді. Жалдау шарттарында меншікте болатын жылжымайтын мүлік инвестициялық жылжымайтын мүліктің анықтамасына сәйкес келгенде инвестициялық жылжымайтын мүлік ретінде жіктеледі. Жалдау бойынша міндеттемелер жалға алынатын жылжымайтын мүліктен болатын сыйақының әділ құны бойынша 17 ХҚЕС-ке сәйкес мойындалады.

Инвестициялық жылжымайтын мүлік бастапқыда, мәміле бойынша шығындарды қоса алғанда, бастапқы құны бойынша бағаланады. Баланстық құнына, егер оларды мойындау критерийлері орындалса және инвестициялық жылжымайтын мүлікке ағымдағы қызмет көрсетуге шығындар болмаса, мұндай шығындардың пайда болу сәтіне қолдағы инвестициялық жылжымайтын мүліктің бөліктерін ауыстыру құны кіреді. Инвестициялық жылжымайтын мүлік бастапқыда мойындалғаннан кейін жинақталған тозу мен жинақталған құнсыздандуды шегере отырып бастапқы құны бойынша ескеріледі. Тозу оның пайдалы пайдалану мерзімінің ішінде тік желілік әдіспен есептеледі, әрі оның мерзімі 50 жылды құрайды.

Қаржылық жағдай туралы есепте инвестициялық жылжымайтын мүлікті мойындау ол шыққан кезде тоқтатылады не болмаса, егер ол пайдаланудан шығарылған және оның шығуынан келешекте экономикалық пайда күтілмеген жағдайда тоқтатылады. Шығудан болған таза түсімдер мен активтің баланстық құнының арасындағы айырма оның мойындалуы тоқтаған есепті жыл үшін Пайда мен зияндар туралы есепте мойындалады.

Инвестициялық жылжымайтын мүлік санатына не болмаса одан аудару жылжымайтын мүлікті пайдалану сипатында өзгерістер болғанда ғана жүзеге асырылады. Инвестициялық жылжымайтын мүліктен меншік иесі алып отырған жылжымайтын мүлік объектісіне аударған кезде кейіннен есепке алу мақсаттары үшін шартты бастапқы құн пайдалану мақсаттарының өзгеру сәтіне әділ құнды білдіреді. Меншік иесі алып отырған жылжымайтын мүлік объектісі инвестициялық жылжымайтын мүлік объектісіне айналған жағдайда, Топ мұндай жылжымайтын мүлікті пайдалану мақсатының өзгеру сәтіне дейін негізгі құралдарды есепке алу саясатына сәйкес ескереді.

Инвестициялық жылжымайтын мүлік оның баланстық құны жалғасып отырған пайдаланудың нәтижесінде емес, сату арқылы өтеледі деп күтілгенде, сату үшін ұсталатын айналымнан тыс активтердің санатына аударылады. Егер жылжымайтын мүлік өзінің ағымдағы жай-күйінде, осы сияқты жылжымайтын мүліктің әдетте сатылу жағдайында, сондай-ақ сату ықтималдылығы жоғары болғанда дереу сатылуы мүмкін болғанда, мұндай талап сақталған болып есептеледі.

Сату үшін ұсталатын айналымнан тыс активтер

Сату үшін ұсталған деп жіктелген айналымнан тыс активтер мен шығу топтары сатуға арналған шығындар шегеріліп, екі мәннің – теңгерімдік құн мен әділ құнның азы бойынша бағаланады. Айналымнан тыс активтер мен шығу топтары, егер олардың баланстық құны жалғасқан пайдалану нәтижесінде емес, негізінен сату бойынша мәміле арқылы өтелуге жатса, сату үшін ұсталған болып жіктеледі. Бұл шарт егер сату мүмкіндігі жоғары, ал актив немесе шығу тобы өзінің ағымдағы жағдайында жедел сатылуы мүмкін болса, сақталған болып саналады. Басшылықтың оған қатысты жіктелген күннен бастап бір жыл ішінде аяқталған сату мәмілесі ретінде тану өлшемдеріне сәйкес күтілуге тиіс сатып алуды жасауға бекем ниеті бар.

Пайда мен зияндар туралы есепте тоқтатылған қызметтен болған кірістер мен шығыстар, егер тіпті сатқаннан кейін Топ еншілес компаниядағы бақыланбайтын қатысу үлесін сақтағанның өзінде салық салынғаннан кейінгі табыстан соң жалғасатын қызметтен болған кірістер мен шығыстардан жеке ұсынылады. Нәтижесі бар пайда немесе зиян (салықтар шегерілгеннен кейін) Пайда мен зияндар туралы есепте ұсынылады.

Сатуға арналған деп жіктелгеннен кейін негізгі құралдар мен материалдық емес активтер амортизациялануға жатпайды.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**4. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ ЕЛЕУЛІ АСПЕКТІЛЕРІНЕ ШОЛУ (ЖАЛҒАСЫ)****Материалдық емес активтер**

Жеке сатып алынған материалдық емес активтер бастапқы тану кезінде бастапқы құны бойынша бағаланады. Бизнесті біріктіру нәтижесінде сатып алынған материалдық емес активтердің бастапқы құны сатып алу күніне олардың әділ құны болып табылады. Бастапқы танудан кейін материалдық емес активтер жинақталған құнсыздану шығындары мен жинақталған амортизация шегерілген бастапқы құны бойынша ескеріледі. Өнімдерді әзірлеуге капиталға айналдырылған шығындарды қоспағанда, топ ішінде жасалған материалдық емес активтер капиталға айналмайды және тиісті шығыс олар пайда болған есепті жыл үшін Пайда мен зияндар туралы есепте көрсетіледі.

Материалдық емес активтердің шектелген пайдалы пайдалану мерзімі бар.

Шектелген пайдалы пайдалану мерзімі бар материалдық емес активтер осы мерзімнің ішінде амортизацияланады және егер мұндай материалдық емес активтің құнсыздану белгілері болса, құнсыздану мәніне бағаланады. Шектелген пайдалы пайдалану мерзімі бар материалдық емес актив үшін амортизация кезеңі мен оны есептеу әдісі кем дегенде әрбір есепті кезеңнің соңында қайта қаралады. Пайдалы пайдаланудың болжамды мерзімінің немесе активте көрсетілген келешек экономикалық пайданы тұтынудың болжамды құрылымының өзгеруі кезеңнің немесе жағдайға қарай амортизацияны есептеу әдісінің өзгеруі ретінде Қаржылық есептілікте көрсетіледі және есепті бағалаудың өзгеруі ретінде ескеріледі. Шектелген пайдалы пайдалану мерзімі бар материалдық емес активтердің амортизациясына жұмсалатын шығыстар материалдық емес активтердің функциясына сәйкес келетін шығыстардың сол санатындағы Пайда мен зияндар туралы есепте мойындалады.

Материалдық емес активті мойындауды тоқтатудан болған кіріс немесе шығыс активтің есептен шығарылуынан түскен таза түсім мен активтің баланстық құнының арасындағы айырма ретінде өлшенеді және мұндай активті мойындауды тоқтату сәтіне Пайда мен зияндар туралы есепте мойындалады.

Материалдық емес активтер негізінен бағдарламалық қамтамасыз ету мен лицензиялардан құралады. Материалдық емес активтер, әдетте бес жылдан он жылға дейінгі мерзімді құрайтын олардың пайдалы қызметін есептеу мерзімі ішінде желілік негізде өтеледі.

Негізгі құралдар

Негізгі құралдар жинақталған амортизацияны және/немесе олар болған жағдайда құнсызданудан болған жинақталған шығындарды шегере отырып бастапқы құны бойынша ескеріледі. Мұндай құнға құрал-жабдықтардың бөлшектерін ауыстыру құны және егер оларды капиталдандыру критерийлері орындалса, ұзақ мерзімді құрылыс жобалары болған жағдайда қарыздар бойынша шығындар кіреді. Белгілі бір уақыт аралығында негізгі құралдардың едәуір құрамдастарын ауыстыру қажет болғанда, Топ осы сияқты құрамдастарды оларға тән болатын дербес пайдалы қызмет ету мерзімдерімен жекелеген активтер ретінде мойындайды және оларды тиісінше амортизациялайды. Дәл осылайша, негізгі техникалық байқауды жүргізу кезінде онымен байланысты шығындар негізгі құралдардың баланстық құнында, егер барлық мойындау критерийлері орындалса, құрал-жабдықтарды ауыстыру ретінде мойындалады. Жөндеуге және техникалық қызмет көрсетуге жұмсалатын барлық басқа шығындар олар болған сәтте Пайда мен зияндар туралы есепте мойындалады. Актив пайдаланылғаннан кейін оны пайдаланудан шығару бойынша күтілетін шығындардың келтірілген құны, егер резервті келешек шығындарға мойындау критерийлері орындалса, тиісті активтің бастапқы құнына жатқызылады.

Тозу активтердің пайдалы қызметін келесі есепті мерзімдерінің ішінде желілік әдіспен есептеледі:

	Жылдар
Үй	46
Офистік құрал-жабдықтар	3-7
Көлік құралдары	7

Бұрын мойындалған негізгі құралдарды немесе олардың едәуір құрамдасын мойындауын тоқтату олардың шығуы кезінде немесе егер келешекте осы активті пайдаланудан немесе шығуынан экономикалық пайданы алу күтілмеген жағдайда болады. Активті мойындауды тоқтату нәтижесінде туындайтын кіріс немесе шығыс (шығарудан болған таза түсімдер мен активтің баланстық құнының арасындағы айырма ретінде есептелген) активтің мойындалуы тоқтатылған есепті жыл үшін Пайда мен зияндар туралы есепке қосылады.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**4. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ ЕЛЕУЛІ АСПЕКТІЛЕРІНЕ ШОЛУ (ЖАЛҒАСЫ)****Негізгі құралдар (жалғасы)**

Активтерді тарату құны, пайдалы қызмет ету мерзімі және амортизация әдістері әрбір жылдық есепті кезеңнің соңында сараланады және қажет болғанда түзетіледі.

Негізгі құралдар негізінен жерден, әкімшілік ғимараттан, кеңсе жабдықтарынан, көлік құралдарынан тұрады.

Қаржылық емес активтердің құнсыздануы

Топ әрбір есепті күнге активтің ықтимал құнсыздану белгілерінің бар-жоғын айқындайды. Егер мұндай белгілер бар болып шықса немесе егер активті құнсыздануға жыл сайынғы тексеруді орындау қажет болса, Топ активтің өтелетін құнын бағалайды. Активтің немесе ақша ағындарын жасайтын бөлімшенің өтелетін құны (ААЖБ) – келесі өлшемдердің ең үлкені: сату шығындарын шегере отырып, активтің әділ құны (ААЖБ) және активті пайдалану құндылығы (ААЖБ). Өтелетін құн негізінен басқа активтер немесе активтер тобы жасайтын ағындардан тәуелсіз ақша қаражатының ағындарын актив жасамаған жағдайда ғана жеке актив үшін анықталады. Егер активтің немесе ақша ағындарын жасайтын бөлімшенің баланстық құны өтелетін құнынан асып кетсе, онда актив құнсызданған деп есептеледі және өтелетін сомаға дейін кемітіледі. Пайдалану құндылығын бағалау кезінде келешек ақша ағындары салық салынғанға дейінгі дисконттау мөлшерлемесі бойынша дисконтталады, әрі ол ақшаның уақытқа құнының ағымдағы нарықтық бағасын және активке тән тәуекелдерді көрсетеді. Сату шығындарын шегере отырып әділ құнды айқындау кезінде жуырдағы нарықтық мәмілелер (егер ондайлар орын алса) ескеріледі. Олар болмаған кезде бағалаудың тиісті үлгісі қолданылады. Мұндай есептеулер бағалау коэффициенттерімен, еншілес компаниялар акцияларының нарығында еркін айналыста болатын баға белгілеулерімен немесе әділ құнның басқа да қолжетімді көрсеткіштерімен расталады.

Топ жекелеген активтер жататын Топтың әрбір ПГДП үшін жеке әзірленетін мұқият жоспарларға және болжамды есептеулерге сүйене отырып құнсыздану сомасын айқындайды. Осы жоспарлар мен болжамды есептеулер әдетте бес жылды құрайды. Бұдан да ұзақ кезеңдер үшін бес жылдан кейін келешек болжанатын ақша ағындарына қатысты қолданылатын ұзақ мерзімді өсу қарқындары есептеледі.

Жалғасып жатқан қызметтің құнсыздануынан болған шығындар (қорлардың құнсыздануын қоса алғанда), қайта бағалау басқа жиынтық кірістің құрамында мойындалғанда бұрын қайта бағаланған жылжымайтын мүлік объектілерін қоспағанда, құнсызданған активтің функцияларына сәйкес келетін шығыстар санаттарының құрамында Пайда мен зияндар туралы есепте мойындалады. Мұндай жағдайда құнсыздану шығыны бұрын жасалған қайта бағалау сомасының шегінде басқа да жиынтық кірістің құрамында мойындалады.

Топ әрбір есепті күнге, гудвилді қоспағанда, активтің бұрын мойындалған құнсыздану шығындарының жоқ немесе қысқарған екендігінің белгілері бар-жоғын айқындайды. Егер ондай белгі бар болып шықса, Топ активтің немесе ақша ағындарын жасайтын бөлімшенің өтелетін құнын есептейді. Құнсызданудан болған бұрын мойындалған шығындар, егер құнсызданудан болған соңғы шығын мойындалған уақыттан бастап активтің өтелетін құнын айқындау үшін пайдаланылған бағалауда өзгеріс болған жағдайда ғана, қалпына келтіріледі. Қалпына келтіру активтің баланстық құны оның өтелетін құнынан аспайтындай етіп, сондай-ақ сол бойынша осы актив егер алдыңғы жылдары құнсызданудан болған шығын мойындалмаған жағдайда танылатын амортизацияны шегере отырып, баланстық құннан аспайтындай етіп шектелген. Құнның мұндай қалпына келтірілуі, актив қайта бағаланған құн бойынша ескерілетін жағдайларды қоспағанда, Пайда мен зияндар туралы есепте мойындалады. Соңғы жағдайда құнның қалпына келтірілуі қайта бағалаудан болған құнның өсуі ретінде ескеріледі.

Тауар-материалдық қорлар

Тауар-материалдық емес қорлар қос мөлшердің ең азы бойынша ескеріледі. өткізудің өзіндік құны мен таза құны. Шығындарға қорларды межелі жерге дейін жеткізу кезінде болған шығыстар және оларды лайықты күйге келтіру жатады. Таза өткізу құны - өндірісті аяқтауға болжанған шығыстарды және өткізуге ықтимал шығындарды шегере отырып, әдеттегі қызмет барысындағы болжамды өткізу бағасы. Барлық қорлар орташа алынған құнның әдісі бойынша бағаланады.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**4. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ ЕЛЕУЛІ АСПЕКТІЛЕРІНЕ ШОЛУ (ЖАЛҒАСЫ)****Сатуға арналған жылжымайтын мүлік**

Операциялық қызметтің барысында сату үшін сатып алынған, бірақ жалдау немесе капитал өсімі үшін ұсталмайтын мүлік сатуға арналған жылжымайтын мүлік ретінде ескеріледі және өзіндік құнының ең азы және өткізудің таза құны бойынша бағаланады. Сатуға арналған жылжымайтын мүлік құнына мыналар кіреді:

- Меншік құқығы және жерді жалдау құқығы
- Мердігерлерге құрылысқа төленген сомалар
- Қарыздар бойынша шығындар, жоспарлау әрі жобалау шығындары, құрылыс алаңын дайындау шығындары, заңгерлік қызметтер үшін кәсіби сыйақы, меншікті беруге салынатын салық, құрылысқа үстеме шығыстары және басқа да байланысты шығыстар.

Таза өткізу құны – есепті күнге нарықтық бағаларға негізделген және егер бұл материалды болса, ақшаның уақытша құнын бағалауды ескере отырып дисконтталғанда әдеттегі қызметтің барысындағы өткізудің болжамды бағасы, құрылысты аяқтауға жұмсалатын болжамды шығындарды және өткізуге жұмсалатын ықтимал шығындарды шегере отырып.

Шығу кезінде пайда немесе зиян құрамында көрсетілетін сатуға арналған жылжымайтын мүліктің құнына сатылған жылжымайтын мүлікпен байланысты болған шығыстар және сатылған жылжымайтын мүліктің мөлшеріне қатысты негізде бөлінген үстеме шығыстар жатады.

Жалдау

Мәміле жалға алу болып табылатындығын немесе онда жалға алу белгілері бар екендігін анықтау мәміле мазмұнын талдауға негізделеді. Сонымен қатар шарттың әрекет ету күніне оның орындалуы нақты активті немесе активтерді пайдалануға байланысты немесе осы мәміле нәтижесінде активті пайдалану құқығы берілетіндігін анықтау қажет.

Топ жалға беруші ретінде

Сол бойынша Топ іс жүзінде жалға алынған активті иелік етумен байланысты барлық тәуекелдер мен пайданы беретін қаржылық жалдау жалға алынған мүліктің әділ құны бойынша жалдау қатынастарының басталу күніне капиталданады немесе егер осы сома аз болса, - ең аз жалдау төлемдерінің дисконтталған құны бойынша капиталданады. Жалдау төлемдері өтелмеген актив сомасына пайыздың тұрақты мөлшерлемесі пайда болатындай етіп қаржыландыру кірістері мен қаржылық жалдау бойынша активтің ұлғаюы арасында бөлінеді. Қаржыландыру кірістері тікелей Пайда мен зияндар туралы есепте көрсетіледі.

Топ активті иелік етуден тәуекелдерді және табысты бермейтін жалдау шарттары операциялық жалдау ретінде жіктеледі. Операциялық жалға алу бойынша төлемдер Пайда мен зияндар туралы есепте кіріс ретінде барлық жалға беру мерзімі ішінде біркелкі танылады.

Топ жалға алушы ретінде

Топқа активті иелік етуден тәуекелдер және табыс өтпейтін жалдау шарттары операциялық жалдау ретінде жіктеледі. Операциялық жалға алу бойынша төлемдер Пайда мен зияндар туралы есепте барлық жалға беру мерзімі ішінде біркелкі танылады.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**5. НЕГІЗГІ ҚҰРАЛДАР**

2011 және 2010 жылдардағы негізгі құралдардың қозғалысы келесідей көрсетілген:

<i>Мың теңгемен</i>	Жер	Ғимараттар	Офистік құрал-жабдықтар	Көлік құралдары	Аяқталмаған құрылыс	Жиыны
Бастапқы құны						
2010 жылдың 1 қаңтарына	215.000	—	32.062	—	—	247.062
Түсімдер	—	—	20.018	2.530	4.292.491	4.315.039
Ішкі ауысуы	(215.000)	—	—	—	215.000	—
2010 жылдың 31 желтоқсанына	—	—	52.080	2.530	4.507.491	4.562.101
Түсімдер	26.101	4.850.855	55.330	—	17.981.544	22.913.830
Сату үшін активтерге аударым	—	—	(1.464)	—	(22.489.035)	(22.490.499)
Шығару	—	—	(298)	—	—	(298)
2011 жылдың 31 желтоқсанына	26.101	4.850.855	105.648	2.530	—	4.985.134
Жинақталған тозу						
2010 жылдың 1 қаңтарына	—	—	(1.890)	—	—	(1.890)
Бір жылғы есептелген тозу	—	—	(9.055)	(28)	—	(9.083)
2010 жылдың 31 желтоқсанына	—	—	(10.945)	(28)	—	(10.973)
Бір жылғы есептелген тозу	—	(17.576)	(11.843)	(169)	—	(29.588)
Шығару кезіндегі тозу	—	—	29	—	—	29
Сату үшін активтерге аударым	—	—	387	—	—	387
2011 жылдың 31 желтоқсанына	—	(17.576)	(22.372)	(197)	—	(40.145)
Қалдық құны						
2010 жылдың 31 желтоқсанына	—	—	41.135	2.502	4.507.491	4.551.128
2011 жылдың 31 желтоқсанына	26.101	4.833.279	83.276	2.333	—	4.944.989

Аяқталмаған құрылыс Топтың әкімшілік ғимаратын салумен байланысты күрделі шығындарды білдіреді. 2011 жылы мұндай аяқталмаған құрылыс сатуға арналған деп жіктелген активтерге аударылды (10-ескертпе).

2011 жылы Топ Бас компаниядан жарғылық капиталға салым ретінде бағаланған әділ құны 4.850.855 мың теңге болатын әкімшілік ғимарат пен құны 26.101 мың теңге болатын жер телімін алды (15-ескертпе). Салымның әділ құнын «Бағалау-заңгерлік орталық» ЖШС тәуелсіз аккредитацияланған бағалаушы бағалады. Әділ құн нарықта қолданылып жүрген бағаларға сүйене отырып айқындалды. Бұл бағалаушы орындаған бағалаудың негізінде негізгі құралдардың белгілі бір объектісінің сипатындағы, орналасқан жеріндегі немесе жай-күйіндегі ерекшеліктерді ескере отырып түзетілген белсенді нарықтағы бағалар жатқандығын білдіреді.

«Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ

Шоғырландырылған қаржылық есептілік

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

6. ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖЫЛЖЫМАЙТЫН МҮЛІК

2011 және 2010 жылдар үшін инвестициялық жылжымайтын мүліктің қозғалысы былайша көрсетілген:

Мың теңгемен	Пәтерлер	Сауда үй-жайлары	Автотұрақ орындары	Жиыны
Бастапқы құны				
2010 жылдың 1 қаңтарына	—	—	—	—
Түсімдер	846.792	53.748	1.266.000	2.166.540
Шығару	—	—	(76.000)	(76.000)
2010 жылдың 31 желтоқсанына	846.792	53.748	1.190.000	2.090.540
Түсімдер	—	1.164	40.000	41.164
Шығару	(252.240)	(71.520)	(130.000)	(453.760)
Ішкі ауысуы	(594.552)	594.552	—	—
2011 жылдың 31 желтоқсанына	—	577.944	1.100.000	1.677.944
Жинақталған амортизация				
2010 жылдың 1 қаңтарына	—	—	—	—
Бір жылғы есептелген тозу	—	(806)	(17.967)	(18.773)
2010 жылдың 31 желтоқсанына	—	(806)	(17.967)	(18.773)
Бір жылғы есептелген тозу	(3.145)	(9.933)	(24.377)	(37.455)
Шығару кезіндегі тозу	3.145	1.102	3.367	7.614
2011 жылдың 31 желтоқсанына	—	(9.637)	(38.977)	(48.614)
Қалдық құны				
2011 жылдың 1 қаңтарына	846.792	52.942	1.172.033	2.071.767
2011 жылдың 31 желтоқсанына	—	568.307	1.061.023	1.629.330

Инвестициялық жылжымайтын мүліктің шығуы жылжымайтын мүлік объектілерін қаржылық жалға беруді білдіреді. Инвестициялық жылжымайтын мүлік негізінен автотұрақ орындарынан, сондай-ақ тұрғын үй және коммерциялық үй-жайлардан тұрады. Басшылық 2011 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың жылжымайтын мүлік объектілерінің әділ құны 2.268.791 мың теңгені құрайды деп есептейді (2010: 2.290.040 мың теңге).

7. САТУҒА АРНАЛҒАН ЖЫЛЖЫМАЙТЫН МҮЛІК

2011 жылы жылжымайтын мүліктің қозғалысы былайша көрсетілген:

Мың теңгемен	Пәтерлер	Сауда үй-жайлары	Автотұрақ орындары	Жиыны
2010 жылдың 1 қаңтарына	—	—	—	—
Құрылыс компанияларынан алынған сатылуға арналған жылжымайтын мүлік	1.100.016	162.372	—	1.262.388
Сатылған жылжымайтын мүлік	(558.804)	(22.812)	—	(581.616)
2011 жылдың 1 қаңтарына	541.212	139.560	—	680.772
Құрылыс компанияларынан алынған сатылуға арналған жылжымайтын мүлік	1.009.301	93.907	80.000	1.183.208
Сатылған жылжымайтын мүлік	(1.138.313)	—	(52.000)	(1.190.313)
2011 жылдың 31 желтоқсанына	412.200	233.467	28.000	673.667

8. ҚҰРЫЛЫС КОМПАНИЯЛАРЫНА БЕРІЛГЕН АВАНСТАР

Топ құрылыс компанияларымен (бұдан әрі «Салушылар») Алматы және Астана қалаларындағы тұрғын үй кешендерінде пәтерлерді, коммерциялық үй-жайларды және автотұрақ орындарын сатып алуға шарттарды жасайды. Шарттардың ережелеріне сәйкес Топ Салушыларға аванстық төлемдерді жүзеге асыруға міндеттенді, ал Салушылар белгіленген мерзімде құрылысты аяқтауға міндеттенді. Салушылар құрылысты аяқтағаннан кейін және олар лайықты түрде ресімделгеннен кейін Топ тиісті объектілердің иесіне айналады. Алдын ала төленген үйлердің құрылысы 2012 жылдың ішінде аяқталады деп күтілуде.

Топтың Салушылармен жасаған шарттарында кепілдік ережелер қарастырылған, оған сәйкес Топ алдын ала төлемін жоғалтқан жағдайда, тәуекелдерді өтеу үшін Салушылар жер телімдері мен аяқталмаған құрылыс түрінде қамтамасыз етеді.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**8. ҚҰРЫЛЫС КОМПАНИЯЛАРЫНА БЕРІЛГЕН АВАНСТАР (ЖАЛҒАСЫ)**

2011 және 2010 жылдар үшін құрылыс компанияларына берілген аванстардың қозғалысы былайша көрсетілген:

<i>Мың теңгемен</i>	2011	2010
Жыл басына	23.135.138	22.956.133
Бір жылда төленген аванстар	19.030.453	14.652.301
Салушыларға қаражатты қайтару	(1.500.993)	(1.187.582)
Сатып алынған жылжымайтын мүлік объектілері	(6.864.983)	(6.730.791)
Салынып жатқан объектілердегі өткізілген үлес	(10.404.724)	(1.768.336)
Меншікті аяқталмаған құрылысқа ауыстырылды	(17.981.545)	(4.292.491)
Аяқталмаған құрылысқа ҚҚС	(2.157.784)	(514.651)
Басқасы	516.243	20.555
Жыл соңына	3.771.805	23.135.138
Шегерілгені: 2012 жылы сатылатын салынып жатқан объектілер үшін аванстар	224.410	—
Жалға берілетін салынып жатқан объектілер үшін аванстар	3.547.395	23.135.138

9. ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ ҚАРЖЫ АКТИВТЕРІ

<i>Мың теңгемен</i>	2011	2010
Сыйақыны есептей отырып құрылыс компанияларын қаржыландыру	11.704.674	6.881.757
Қаржылық жалдау активі	8.379.932	3.139.059
Банктік депозиттер	1.501.280	3.044.480
Берілген қарыз	—	533.512
	21.585.886	13.598.808

Сыйақыны есептей отырып құрылыс компанияларын қаржыландыру

Салушылармен жасалған кейбір шарттардың талаптарына сәйкес Топ жылжымайтын мүлік объектісін салу барысында аванстық төлемдерді жасап отырады, дегенмен Салушы құрылыс объектілерін еркін баға бойынша өткізуге құқылы. Осы құқық Салушының артында құрылыс кезеңінде, сондай-ақ жылжымайтын мүлік объектісін салынғаннан кейін бір жылдың ішінде сақталады. Сонымен бірге, Салушыға берілген қаржыландыру сомасына Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің алғашқы траншты аудару күніне қайта қаржыландыру мөлшерлемесі бойынша сыйлықақы есептеледі. 2011 жылы қайта қаржыландыру мөлшерлемесі жылдық 7% құрады. Тиісінше, Топ жасалған қаржыландыру сомасын қаржыландыру құралы ретінде қарастырады.

Мойындау сәтіне осы қаржылық құрал келешек ақша қаражаты ағынының ағымдағы құны ретінде есептелген әділ құны бойынша ескеріледі. Бұл ретте дисконт мөлшерлемесі 5% құрады және дәл сондай қаржылық құралдар бойынша нарықтық мөлшерлемелерді білдіреді. Қаржыландырудың номиналды құны мен оның әділ құны арасындағы 186.977 мың теңге айырмасы қаржыландыру шығыстары ретінде Пайда мен зияндар туралы есепте көрсетілген (22-ескертпе).

Берілген қарыз

Берілген қарызға 2012 жылы өтеу күнімен «Каспий даму орталығы» компаниясы 2010 жылы берген қарыз кіреді. 2011 жылдың 31 желтоқсанына мұндай қарыз басқа да ағымдағы қаржы активтеріне қайта жіктелді.

Қаржылық жал активі

Қаржылық жалдау активі жылжымайтын мүлік объектілерін – тұрғын үй және коммерциялық үй-жайларды қаржылық жалдау шарттарын білдіреді. Қаржылық жалдау активі теңгемен көрсетілген.

«Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ

Шоғырландырылған қаржылық есептілік

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

9. ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ ҚАРЖЫЛЫҚ АКТИВТЕР (жалғасы)

Қаржылық жалдау шарттары бойынша келешек кезеңдерде алынуға жататын ең аз жалдау төлемдері, сондай-ақ таза жалдау төлемдерінің дисконтталған құны кестеде келтірілген:

Мың теңгемен	2011		2010	
	Ең аз төлемдер	Дисконт-талған төлемдер құны	Ең аз төлемдер	Дисконт-талған төлемдер құны
Бір жыл ішінде	1.325.028	422.906	415.688	92.529
Бір жылдан артық, бірақ бес жылдан астам емес	6.625.139	2.644.070	1.983.593	370.116
Бес жылдан артық	8.127.684	5.735.862	3.967.186	2.768.943
Ең аз жалдау төлемдерінің жиыны	16.077.851	8.802.838	6.366.467	3.231.588
Қаржылық кірістерді шегере отырып	(7.275.013)	—	(3.134.879)	—
Ең аз жалдау төлемдерінің дисконтталған құны	8.802.838	8.802.838	3.231.588	3.231.588
Шегерілгені: 12 ай ішінде өтеуге тиісті сома		422.906		92.529
12 айдан кейін өтелуге жататын сомалар		8.379.932		3.139.059

Банктік депозиттер

2011 жылдың соңындағы жағдай бойынша Топтың АТФ Банкте 2009 жылы ашылған, жылдық 10% сыйақы мөлшерлемесімен 2014 жылға дейінгі орналастыру мерзімімен теңгелік депозиті бар. 2011 жылдың сәуір айында Топ осы депозиттен ақша қаражатын ішінара алды.

10. САТУҒА АРНАЛҒАН ДЕП ЖІКТЕЛГЕН АКТИВТЕР

2011 жылы Топ Бас компанияның бақылауындағы ұйым бақылайтын компанияның «ҚазМұнайГазСервис» ЖШС компаниясының «Зәулім» ЖШС-дегі қатысу үлесінің 100% сату ниетін жария етті. Басшылық еншілес ұйымның шығуы сатуға арналған активтер тобы ретінде келесі себептермен жіктеуге сәйкес келеді деп есептеді:

- 2011 жылғы 28 желтоқсанда «Самұрық-Қазына жылжымайтын мүлік қоры» АҚ «ҚазМұнайГазСервис» ЖШС компаниясының «Зәулім» ЖШС-дегі қатысу үлесінің 100% сату туралы келісімге қол қойды.
- 2012 жылғы 25 қаңтарда Топ 68.631 мың теңге мөлшеріндегі сыйақы үшін еншілес ұйымның сатылуын аяқтады (28-ескертпе).
- 2012 жылғы 27 қаңтарда Компания «Зәулім» ЖШС-мен 27.049.064 мың теңге сомасында әкімшілік ғимараттың құрылысын қаржыландыруға Компания «Зәулім» ЖШС-не берген ақша қаражатын қайтару туралы келісімге қолын қойды (28-ескертпе).

Еншілес ұйымның активтері 2011 жылдың 31 желтоқсанына қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте сатуға арналған активтер ретінде жіктелді және келесі позициялардан тұрды:

Мың теңгемен	2011	2010
Аяқталмаған құрылыс	22.489.035	—
Офистік құрал-жабдықтар	1.077	—
Өтелуге жататын ҚҚС	2.673.713	—
Басқасы	8.895	—
	25.172.720	—

Отформатировано: казахский

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**11. САУДА ДЕБИТОРЛЫҚ БЕРЕШЕК**

<i>Мың теңгемен</i>	2011	2010
Қаржылық жал бойынша қысқа мерзімді берешек	422.906	92.529
Жылжымайтын мүлік объектілеріндегі үлеске арналған құқықтарды сатудан болған үшінші тараптардың берешегі	64.660	1.432.372
Басқасы	121.247	3.101
	608.813	1.528.002

2011 және 2010 жылдардың 31 желтоқсанына сауда дебиторлық берешек теңгемен көрсетілген. 2011 және 2010 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Топтың сауда дебиторлық берешекті құнсыздандыруға резерві болмады.

Одан әрі 31 желтоқсандағы жағдай бойынша сауда дебиторлық берешектің мерзімдері бойынша талдау келтірілген:

	Барлығы	Мерзімі өтпеген және құнсызданбаған	Мерзімі өткен, бірақ құнсызданбаған				>120 күн
			<30 күн	30 – 60 күн	60 – 90 күн	90 – 120 күн	
2011	608.813	608.813	—	—	—	—	—
2010	1.528.002	1.528.002	—	—	—	—	—

12. БАСҚА ДА АҒЫМДАҒЫ ҚАРЖЫ АКТИВТЕРІ

<i>Мың теңгемен</i>	2011	2010
Сатуға арналған қолда бар қаржы активтері	2.906.078	—
Пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржылық активтер	—	1.805.325
Сыйақыны есептей отырып құрылыс компанияларын қаржыландыру (9-ескертпе)	2.471.171	—
Банктердегі депозиттер	5.895.000	10.320.000
Алынуға жататын пайыздар	499.907	238.975
Берілген қарыздар	953.266	—
Басқасы	—	1.427
	12.725.422	12.365.727

Сату үшін қолда бар қаржы активтері мемлекеттік облигацияларды білдіреді. Мұндай қаржы активтері 2011 жылы пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтерінен қайта жіктелді. Егер активтер қайта жіктелмесе, бір жылда Пайда мен зияндар туралы есепте мойындалатын қайта жіктелген активтердің әділ құнының өзгеруінен болған жұмсалмаған кірістер 109.996 мың теңгені құрады. 2011 жылдың 31 желтоқсанына сату үшін қолда бар қаржы активтері «репо» шарттары бойынша 2.415.748 мың теңге сомасына кепілге қойылды (2010: «репо» шарттары бойынша пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтері 973.010 мың теңге сомасына кепілге қойылды) (17-ескертпе).

Банктік депозиттер бойынша бастапқы өтеу мерзімі 9-12 айды құрады, олар бойынша пайыздар жылына 4,5%-дан 9,5%-ға дейінгі мөлшерлеме бойынша есептеледі. 2011 және 2010 жылдардың 31 желтоқсанына банктердегі депозиттер теңгемен көрсетілді.

Алынуға жататын есептелген пайыздар мемлекеттік облигациялар, ағымдағы банк шоттары мен банк депозиттері бойынша есептелген сыйақыны білдіреді.

2011 жылғы 2 қарашада Топ Бас компаниямен оның «Өмірзақ & Ко» ЖШС мен «Капиталстройсервис» ЖШС борышкерлерінен оларға Бас компания осының алдында берген 270.000 мың теңге және тиісінше 136.537 мың теңге мөлшеріндегі пайызсыз қаржылық көмек сомаларын тала ету құқығын алған талап ету құқықтарын беру туралы шартты жасады. Мұндай қарыздарды төлеу мерзімі 2012 жылдың 1 шілдесінен басталады. Өз кезегінде Топ Бас компанияның алдындағы борышты дебиторлардан ақшаны алған кезде төленетін қысқа мерзімді қарыз ретінде дәл сол сомаларға мойындады (16-ескертпе). Сондай-ақ берілген қарыздардың сомасына 2010 жылы «Каспий даму орталығы» компаниясына берілген және 2011 жылы басқа да ағымдағы қаржы активтеріне қайта жіктелген қарыз оны төлеу мерзімі 2012 жылы басталатындығына орай кіреді (9-ескертпе).

13. БАСҚА ДА АҒЫМДАҒЫ АКТИВТЕР

2011 және 2010 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша басқа да ағымдағы активтер негізінен алдын ала төленген салықтармен көрсетілген.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**14. АҚША АЙАКШЫЛЫҚ**

Мың теңгемен	2011	2010
Банктердегі шоттар	32.975.201	26.046.168
Кассадағы қолма-қол ақша	1.064	1.207
	32.976.265	26.047.375

2011 және 2010 жылдардың 31 желтоқсанына ақша қаражаты мен олардың баламаларына теңгемен ағымдағы шоттар кірді. Ағымдағы банк шоттарындағы ақша қалдықтарына 3% - 4% мөлшерлемесі бойынша пайыздар есептеледі.

15. ЖАРҒЫЛЫҚ КАПИТАЛ

Топтың жарғылық капиталын толығымен Бас компания төледі және ол 16.219.239 жай акциядан тұрады: шығарылуға рұқсат етілген және 2011 жылға дейін шығарылған номиналды құны 1.000 теңге болатын 15.000.000 дана және шығарылуға рұқсат етілген және 2011 жылға дейін шығарылған номиналды құны 4.000 теңге болатын 1.219.239 дана.

4.876.956 мың теңге мөлшеріндегі жарғылық капиталға жарнаны 2011 жылы Бас компания әкімшілік кеңсе ғимараты мен жер күйінде жүзеге асырды.

2011 жылы Топ өзінің жай акциялары бойынша 57.474 мың теңге сомасына дивидендтерді жариялап, төледі (2010: 2.138 мың теңге).

Сату үшін қолда бар құралдардың қорына сату үшін қолда бар қаржы активтерінің әділ құнындағы өзгерістерден болған жұмсалмаған кірістер кіреді (12-ескертпе).

16. БАС КОМПАНИЯДАН АЛЫНҒАН ҚАРЫЗ

Мың теңгемен	2011	2010
<i>Бас компаниядан алынған қарыз</i>		
2009 жылы алынған транштар	19.550.881	34.146.683
2009 жылы алынған транштар бойынша амортизацияланбаған дисконт	(4.230.042)	(9.093.616)
2010 жылы алынған транштар	30.724.814	30.724.814
2011 жылы алынған транштар	22.644.658	—
<i>Бас компаниядан қаржылай көмек</i>		
Алынған қаржылай көмек	900.000	900.000
Қаржылай көмек бойынша амортизацияланбаған дисконт	(20.128)	(41.810)
	69.570.183	56.636.071
Қарыздардың ағымдағы бөлігі	(54.249.344)	(30.724.814)
Қарыздардың ұзақ мерзімді бөлігі	15.320.839	25.911.257

2009 жылғы 18 тамызда Топ Бас компаниямен 2024 жылғы 18 тамызға дейінгі мерзімге 225.000.000 мың теңге сомасына қамтамасыз етілмеген кредит желісі туралы келісім жасады. Алынған қарыз бойынша пайыздық мөлшерлеме жылдық 1,5% құрайды. Қарыз шартына сай негізгі сома үш жылдық жеңілдік кезеңінен кейін бірдей жарты жылдық төлемдермен төленуі тиіс.

2009 жылы тану сәтіне алынған транштар, қарыздар берілген күнге мемлекеттік облигациялардың кірістілік мөлшерлемесі бойынша – 5,86%-6,92% дисконтталған болашақ ақша қаражаттарының қайтарылуының ағымдағы құны ретінде есептелген әділ құны бойынша есепке алынады. Келіп түскен сома мен әділ құны арасындағы 10.862.071 мың теңге айырмасы қосымша төленген капитал ретінде капитал құрамында көрсетілді. Бастапқы танылғаннан кейін, қарыз амортизацияланған құны бойынша есептеледі.

2010 жылдың ішінде осы кредит желісінің аясында Топ мойындау сәтіне қарыздарды беру күніне мемлекеттік облигациялардың – 5,59%-7,23% кірістілік мөлшерлемесі бойынша дисконтталған ақша қаражатының келешек қайтарылуының ағымдағы құны ретінде есептелген әділ құны бойынша ескерілген жаңа транштарды алды. 9.677.011 мың теңге мөлшеріндегі түсім сомасы мен міндеттемелердің әділ құны арасындағы айырма Капиталдағы өзгерістер туралы есепте көрсетілді.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**16. БАС КОМПАНИЯДАН АЛЫНҒАН ҚАРЫЗДАР (жалғасы)**

2010 жылдың тамызында келесі өзгерістерді болжайтын қосымша келісімге қол қойылды: 1) кредит желісі 225.000.000 мың теңгеден 155.000.000 мың теңгеге дейін азайтылды; 2) алынған транштар бойынша алғашқы жиырма төрт ай бойғы пайыздық мөлшерлеме жылдық 0,02% құрайды, кейінгі жылдары - әрбір алынған транш бойынша жеке жылдық 2%; 3) негізгі сома үш жылдық жеңілдік кезеңінен кейін тең жылдық төлемдермен төленеді; 4) пайыздар жылына екі рет төленеді - барлық алынған транштар бойынша әр жылдың 30 маусымы мен 31 желтоқсаны.

2010 жылдың желтоқсанында кредит желісінің шарттары қосымша өзгерді. Бас компанияның әр жылдың желтоқсан айында, 2009 жылы алынған транштарды қоспағанда, кредит желісінің аясында берілген транштарды мерзімінен бұрын өтеуді талап ету құқығы елеулі өзгеріс болып табылады.

Қосымша келісімдердің шарттары қарыздың бастапқы шарттарының едәуір өзгеруіне әкеліп соқтырғандықтан, осы толықтырулар 2010 жылы алынған қарыздардың мойындалуын тоқтатуға әкеліп соқтырды және олар 39 ХҚЕС, *Қаржы құралдары: тану және бағалау* сәйкес жаңа қарыздар деп мойындалды. 9.224.353 мың теңге мөлшеріндегі қарыздардың ағымдағы құны мен өзгерістер сәтіне міндеттемелердің әділ құны арасындағы айырма Капиталдағы өзгерістер туралы есепте мойындалды.

2011 жылы Топ 2009 жылы алынған транштар бойынша 14.585.824 мың теңге сомасына мерзімге дейінгі өтеуді жасады. Мерзімінен бұрын өтеулер қарыздардың бастапқы шарттарының едәуір өзгеруіне әкеліп соқтырғандықтан, бұл қарыздардың мойындалуын тоқтатуға және 39 ХҚЕС *Қаржы құралдары: тану және бағалау* сәйкес жаңа қарыздарды мойындауға әкеліп соқтырды. Қарыздар қайта қаралған тиімді пайыздық мөлшерлемелер бойынша есептелді және 3.744.974 мың теңге сомасындағы транштар мерзімге дейін өтелгеннен кейін амортизацияланбай қалған дисконттың сомасы Капиталдағы өзгерістер туралы есепте мойындалды.

Бас компания Басқармасы отырысының 2010 жылғы 19 тамыздағы шешіміне сәйкес Топ 2012 жылғы 26 қарашаға дейінгі мерзімге 900.000 мың теңге сомасына пайызсыз уақытша қаржылық көмекті көрсетті. Қаржылай көмектің қайтарылуы қарыз мерзімінің соңында бір жолғы төлеммен көзделген. Қаржылай көмекті мойындау сәтіне қаржылай көмек алынған күнге мемлекеттік облигациялардың кірістілік мөлшерлемесі бойынша – 2,53% дисконтталған болашақ ақша қаражаты ағындарының ағымдағы құны ретінде есептелген әділ құны бойынша есепке алынады. Келіп түскен сома мен әділ құны арасындағы 42.137 мың теңге айырмасы 2010 жылы Капиталдағы өзгерістер туралы есепте көрсетілді. 2011 жылы 21.681 мың теңге мөлшерінде амортизация есептелді.

17. «РЕПО» ШАРТТАРЫ БОЙЫНША МІНДЕТТЕМЕЛЕР

Топ брокерлік компания арқылы 14-28 күн мерзімге қолдағы мемлекеттік бағалы қағаздардың кепіліне (0,5%-1,5% мөлшерлемесі бойынша) автоматты РЕПО нарығында ақша қаражатын тартады. Осылайша тартылған қаражат Компанияның банк шоттарында орналастырылады, әрі солар бойынша қалдықтарға сыйақы есептеледі (3%-4% мөлшерлемесі бойынша).

2011 жылдың 31 желтоқсанына сату үшін қолда бар қаржы активтері 2.415.748 мың теңге сомасына «репо» шарттары бойынша кепілге қойылды (2010: «репо» шарттары бойынша 973.010 мың теңге сомасына пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтері кепілге қойылды)

18. САУДА КРЕДИТОРЛЫҚ БЕРЕШЕК

2011 және 2010 жылдардың 31 желтоқсанына сауда кредиторлық берешекке өнім жеткізушілердің алдындағы берешек кірді. Сауда кредиттік қарыздар теңгемен және пайызсыз көрсетілген.

19. КІРІСТЕР

<i>Мың теңгеммен</i>	2011	2010
Дайын тұрғын және коммерциялық жылжымайтын мүлік объектілерін сату	1.401.009	676.843
Салынып жатқан жылжымайтын мүлік объектілерінде құрылыс компанияларына төленген аванстарды басқаға беруден болған кіріс	3.116.805	521.501
Қаржылық жалға беруден түскен кіріс	609.224	133.861
Басқа да кірістер	112.170	26.366
	5.239.208	1.358.571

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**20. ӨЗІНДІК ҚҰН**

Мың теңгемен	2011	2010
Өткізілген тұрғын және коммерциялық жылжымайтын мүліктің өзіндік құны	1.207.811	581.616
Жылжымайтын мүлік объектілеріне қызмет көрсету	45.148	93.855
Тозу және амортизация	29.841	18.773
Басқасы	43.257	52.681
	1.326.057	746.925

21. ЖАЛПЫ ШЫҒЫСТАР

Мың теңгемен	2011	2010
Жалақы және тиісті салықтар	911.120	505.196
Кәсіби қызметтер	126.089	31.220
Жалдау	81.592	93.521
Салықтар және бюджетке төленетін міндетті төлемдер	47.521	—
Тозу және амортизация	33.676	12.533
Үйді күту бойынша шығыстар	25.329	—
Іссапар шығыстары	9.640	12.152
Байланыс	9.231	10.395
Жарнама және жарияланымдар	9.219	21.594
Материалдар	6.739	10.463
Жөндеу және техникалық қызмет көрсету	4.448	2.632
Банк комиссиялары	3.328	8.185
Директорлар кеңесін ұстау бойынша шығыстар	2.300	—
Басқасы	22.781	74.600
	1.293.013	782.491

22. ҚАРЖЫЛАНДЫРУ КІРІСТЕРІ (ҚАРЖЫШЫҚ)

Мың теңгемен	2011	2010
Қаржыландыру кірістері		
Банктік депозиттер мен ағымдағы банктік шоттар бойынша пайыздық кіріс	1.826.450	2.273.082
Мемлекеттік облигациялар бойынша кіріс	98.852	470.871
Сыйақыны есептей отырып құрылыс компанияларын қаржыландырудан болған пайыздық кіріс	1.043.298	276.827
Берілген қарыз бойынша пайыздық кіріс	13.218	110
	2.981.818	3.020.890
Қаржыландыру шығыстары		
Бас компаниядан алынған қарыздар бойынша пайыздық шығыстар	(1.250.704)	(1.820.277)
Сыйақыны есептей отырып құрылыс компанияларын қаржыландырудан болған дисконт (9-ескертпе)	(186.977)	(193.677)
Берілген қарыз бойынша дисконт (9-ескертпе)	—	(24.472)
	(1.437.681)	(2.038.426)

23. ТАБЫС

2011 және 2010 жылдар үшін пайдаға салынатын салық бойынша шығыстар келесідей көрсетілген:

Мың теңгемен	2011	2010
Ағымдағы табыс салығы бойынша шығыстар	997.998	391.941
Уақытша айырмалардың туындауы және түзетіп растау салдарынан мерзімі ұзартылған табыс салығы бойынша шығыстар	103.606	37.745
Салық мөлшерлемесінің өзгеруі салдарынан мерзімі ұзартылған табыс салығы бойынша шығыстар	—	779
	1.101.604	430.465

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**23. ҚАЛДЫРЫЛҒАН САЛЫҚ МІНДЕТТЕМЕЛЕРІ**

Төменде 2011 және 2010 жылдардың 31 желтоқсанына табыс салығы бойынша шығыстармен бірге ресми белгіленген мөлшерлеме бойынша салық салынғанға дейінгі бухгалтерлік кіріске қолданылатын пайдаға салынған салық бойынша шығыстарды салыстырып тексеру берілген:

<i>Мың теңгемен</i>	2011	2010
Салық салынғанға дейінгі пайда	4.374.861	813.621
Салықтың ресми мөлшерлемесі	20%	20%
Салықтың ресми мөлшерлемесі бойынша есептелген табыс салығы	874.972	162.724
Қаржы құралдары бойынша дисконт амортизациясы	203.764	420.217
Табыс салығы мөлшерлемесіндегі өзгеріс	—	779
Басқа да есептен шығарылатын шығыстар / (салық салынбайтын кірістер)	22.868	(153.255)
	1.101.604	430.465

31 желтоқсанға мерзімі ұзартылған салық бойынша активтер мен міндеттемелердің компоненттері төмендегідей көрсетілген:

<i>Мың теңгемен</i>	Қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есеп		Жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есеп	
	2011	2010	2011	2010
Кейінге қалдырылған салық активтері:				
Кейінге шегерілген салық шығындары	—	—	—	3.652
Салықтар бойынша алдын ала төлем	190	—	(190)	7.720
Құрылыс компанияларын қаржыландыру	9.106	—	(9.106)	—
Басқасы	44.736	—	(44.736)	4.620
	54.032	—	(54.032)	15.992
Кейінге қалдырылған салық міндеттемелері:				
Материалдық емес активтер	(677)	(487)	190	243
Сатуға арналған қолда бар қаржы активтері	(43.216)	—	43.216	—
Негізгі құралдар	(159.323)	(23.092)	136.231	22.289
	(203.216)	(23.579)	179.637	22.532
Кейінге қалдырылған таза салық міндеттемелері:	(149.184)	(23.579)	—	—
Кейінге қалдырылған салық бойынша таза шығыстар	—	—	125.605	38.524

Кейінге қалдырылған таза салық міндеттемелерін салыстырып тексеру:

<i>Мың теңгемен</i>	2011	2010
1 қаңтарға арналған сальдо	(23.579)	14.945
Пайда немесе зиян құрамында мойындалған есепті кезең үшін пайдаға салынатын салық бойынша шығыстар	(103.606)	(38.524)
Басқа да жиынтық кіріс құрамында мойындалған есепті кезең үшін пайдаға салынатын салық бойынша шығыстар	(21.999)	—
31 желтоқсанға сальдо	(149.184)	(23.579)

2011 және 2010 жж. 31 желтоқсанына Топтың мойындалмаған кейінге қалдырылған салық активтері болған жоқ.

2010 жылдың қарашасында Қазақстан Республикасының Үкіметі 2011 жылдың 1 қаңтарынан бастап жарамды болатын салық кодексіне өзгертулерді бекітті, әрі соларға сәйкес белгіленген салық мөлшерлемелері 2011 жылғы кезең үшін және одан кейін 20% дейін өзгертілді. Топтың кейінге қалдырылған салық пен табыс салығының шығыстары бойынша есебі салық кодексіндегі мұндай өзгерістерді көрсетеді.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**24. АҚАЖАРАТ**

2011 жылдың ішінде Топ Бас компаниядан бағаланған әділ құны 4.876.956 мың теңге болған әкімшілік ғимарат пен жерді алды. Осы операция ақша қаражатының қозғалысы туралы шоғырландырылған есептен шығарылды.

25. БАЙЛАНЫСТЫ ТАРАПТАР

«Бас компания бақылайтын кәсіпорындар» санатына Бас компания бақылайтын банктерді қоспағанда, Бас компания бақылайтын ұйымдар кіреді. «Қазақстанның Халық Банкі» АҚ байланысты тарап болып табылады, өйткені банкті Бас компания Басқармасының мүшесі бақылайды. «БТА Банк» АҚ, «Темірбанк» АҚ мен «Альянс Банк» АҚ байланысты тарап болып табылады, өйткені оларды Бас компания бақылайды.

Байланысты тараптармен операциялар тараптардың арасында келісілген шарттарда жасалды. Сатып алу және сату бойынша транзакциялар нарықтық шарттар бойынша жасалды. Жыл соңына өтелмеген қалдықтардың қамтамасыз етуі жоқ, олар қысқа мерзімді болып табылады, ал есеп айырысулар, төменде сипатталған жағдайларды қоспағанда, ақшалай жасалады.

2011 және 2010 жылдардың 31 желтоқсанына Топ байланысты тараптардың дебиторлық берешегінің құнсыздануын көрсетпеді. Мұндай бағалау байланысты тараптың қаржылық жағдайын және оның қызметі жүзеге асырылған нарықты тексеру арқылы әрбір қаржы жылы жасалды.

2010 және 2011 жылдар үшін байланысты тараптармен негізгі мәмілелер төменде көрсетілген.

Мың теңгемен	2011	2010
Бас компания бақылайтын ұйымдар		
Банктердегі депозиттер бойынша есептелген сыйақы	1.072.438	891.664
Байланысты тараптарға жылжымайтын мүлік объектілерін сату	1.126.356	551.400
Операциялық жалға беруден түскен кіріс	38.088	—
Байланысты тараптардан сатып алу	12.124	9.461

Байланысты тараптарға жылжымайтын мүлік объектілерін сату

«Самұрық-Энерго» АҚ	—	550.510
«Қазатомпром» ҰАҚ» АҚ	1.067.209	—
«ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ	24.592	—
«Semser Security» ЖШС	34.555	—

Жоғарыда көрсетілген мәмілелердің нәтижесінде Топтың 2011 және 2010 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша байланысты тараптар алатын /(төленетін) келесі сомалары болды:

Мың теңгемен	2011	2010
Бас компания бақылайтын ұйымдар		
Банктердің ағымдағы шоттарында ақша қаражатының қалдықтары	14.248.174	26.017.848
Банктердегі депозиттер	138.000	3.740.000
Сауда дебиторлық берешек	37.029	84
Сауда кредиторлық берешек	(1.583)	(485)
Басқа да ағымдағы міндеттемелер	(68.631)	—

Бас компаниядан алынған қарыздар

Бас компаниядан алынған қарыздардың егжей-тегжейі 16-ескертпеде ашылып көрсетілген.

Ақша қаражаты және олардың баламалары

2011 жылдың 31 желтоқсанына Топтың «Альянс Банк» АҚ-дағы ақша қаражаты 14.248.174 мың теңгені және "Қазақстан Халық Банкі" АҚ-дағы ақша қаражаты 18.714.448 мың теңге болды (2010: "Альянс Банк" АҚ-да 26.017.848 мың теңге және «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-да 29.527 мың теңге).

Негізгі басқарушы қызметкерлерге төленетін сыйақы

2011 жылы негізгі басқарушы қызметкерлер он екі адамды құрады (2010: он бір адам). Еңбекақы бойынша шығындарға енгізілген, негізгі басқарушы қызметкерлерге төленетін сыйақының жалпы сомасы есепті кезең бойынша 120.179 мың теңгені құрады (2010: 99.085 мың теңге). Негізгі басқарушы қызметкерлерге төленетін сыйақыға, негізінен, жалақы жатады.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

Топ негізгі басқарушы қызметкерлердің мүшелеріне қатысты байланысты тараптарды анықтау үшін қосымша бақылау процедураларын жүргізді. Мұндай процедуралардың нәтижесінде басқарушы персонал арқылы байланыс анықталмады.

26. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АРҚАЛЫҚ БАҒА**Шарттық міндеттемелер**

2011 жылғы 31 желтоқсанға Топтың құрылыс компанияларымен жасалған шарттары бойынша 2.532.115 мың теңге сомасында шарттық міндеттемелері болды (2010: 31.910.259 мың теңге).

Салық салу

Қазақстандық салық заңдары мен нормативтік-құқықтық актілер үздіксіз өзгерістер мен түрлі түсіндірмелердің нысаны болып табылады. Жергілікті, өңірлік және республикалық салық органдары арасында пікір сәйкессіздігі жиі болады. Қазіргі кезде қолданып отырған, Қазақстанда қолданыстағы заңдар негізінде анықталған құқық бұзушылықтар үшін қарастырылған айыппұлдар мен өсімақылар жүйесі аса қатаң болып отыр. Айыппұл санкцияларына, негізінен қосымша есептелген салық сомасының 50% мөлшеріндегі айыппұл және Қазақстанның Ұлттық банкі белгілеген, 2,5-ке көбейтілген қайта қаржыландыру мөлшерлемесі бойынша есептелген өсімпұл жатады. Нәтижесінде айыппұлдар мен өсімпұлдар сомасы қосымша есептелген салықтардың сомасынан бірнеше рет асып түсуі мүмкін. Қаржылық кезеңдер, тексеру жүргізіліп отырған жылдың алдындағы бес күнтізбелік жыл ішінде салық органдары тексеру үшін ашық болып қала береді. Белгілі бір жағдайларда тексерулер аса ұзақ кезеңдерді қамтуы мүмкін. Қазақстандық салық салу жүйесінің екі ұштылығынан, салықтардың, егер олар болған жағдайда айыппұл санкциялары мен өсімақылардың түпкілікті сомасы қазіргі кезеңге жатқызылған және 2011 жылғы 31 желтоқсанға есептелген шығындар сомасынан асып кетуі мүмкін. Басшылық 2011 жылдың 31 желтоқсанына қолданыстағы заңнаманы талқылау сәйкес болып табылады және осы шоғырландырылған қаржылық есептілікте көзделгендерді немесе басқа да тәсілмен ашылған жағдайларды қоспағанда, Топтың салықтар бойынша ұстанымы расталады деген мүмкіндік бар деп есептейді.

Субсидиялар мен мемлекеттің кепілдіктері

Есепті күнге Топ мемлекеттен субсидиялар мен кепілдіктерді алмады.

27. ҚЫЗГЕНДІ БІР ҚАЖАТЫН АҚШ

Топтың негізгі қаржылық міндеттемелеріне Бас компаниядан алынған қарыздар, кредиторлық берешек және басқа да ағымдағы міндеттемелер жатады. Аталған қаржылық міндеттемелер негізінен Топтың шаруашылық қызметін қаржыландыруға тарту үшін пайдаланылып отыр. Топтың ақша қаражаты мен олардың баламалары, қаржылық жалдау активі, сауда дебиторлық берешек, банктік депозиттер мен мемлекеттік облигациялар сияқты түрлі қаржылық активтері бар.

Осы қаржы құралдары бойынша туындайтын негізгі тәуекелдерге өтімділік тәуекелі мен кредит тәуекелі жатады.

Өтімділік тәуекелі

Өтімділік тәуекелі – бұл Топта қаржылық міндеттемелерге байланысты міндеттемелерді өтеуге қажетті қаражат алуда туындайтын қиындықтар тәуекелі. Өтімділік тәуекелі активтерді олардың әділ құнына жақын баға бойынша уақытылы сатуға қабілетсіздігі салдарынан туындауы мүмкін.

Топ өтімді қаражаттар қажеттілігін үнемі қадағалап отырады және басшылық кез келген орын алатын міндеттемелерді орындау үшін жеткілікті болатын көлемде қаражатпен қамтамасыз етеді.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**27. ҚАРЖЫЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДІЛІК****Өтімділік тәуекелі (жалғасы)**

Төмендегі кестеде 2011 және 2010 жылдардың 31 желтоқсанына осы міндеттемелерді өтеу мерзімі бөлігіндегі Топтың қаржылық міндеттемелері бойынша шарттық дисконтталмаған төлемдері туралы қорытынды ақпарат берілген:

	Талап еткенге дейін	3 айдан кем	3 – 12 ай	1 – 5 жыл	5 жылдан астам	Жиыны
2011 жылғы 31 желтоқсан						
Бас компаниядан алынған қарыз	54.249.344	—	392.090	9.747.379	12.261.090	76.649.903
Сауда кредиторлық берешек	—	106.651	—	—	—	106.651
«Репо» шарттары бойынша міндеттемелер	—	2.254.003	—	—	—	2.254.003
Басқа да ағымдағы міндеттемелер	—	591.182	—	—	—	591.182
	54.249.344	2.951.836	392.090	9.747.379	12.261.090	79.601.739

	Талап еткенге дейін	3 айдан кем	3 - 12 ай	1-5 жыл	5 жылдан астам	Жиыны
2010 жылғы 31 желтоқсан						
Бас компаниядан алынған қарыз	30.724.814	1.245	5.585	11.957.736	28.164.232	70.853.612
Сауда кредиторлық берешек	—	18.178	—	—	—	18.178
«Репо» шарттары бойынша міндеттемелер	—	851.004	—	—	—	851.004
Басқа да ағымдағы міндеттемелер	—	61.592	—	—	—	61.592
	30.724.814	932.019	5.585	11.957.736	28.164.232	71.784.386

Кредиттік тәуекел

Топты кредит тәуекеліне нақты ұшырататын қаржы құралдары, негізінен, банк салымдарындағы және ағымдағы банк шоттарындағы ақша қаражатынан, дебиторлық берешектен және берілген қарыздар тұрады. Кредит тәуекелінің барынша көп мөлшері әрбір қаржылық активтің баланстық құнымен берілген.

Қаржы құралдарының әділ құны

2010 және 2010 жылдардың 31 желтоқсанына барлық ақшалай активтер мен міндеттемелердің баланстық құны шамамен олардың есепті әділ құнына тең болды.

Ақша қаражаты мен олардың баламаларының, сауда дебиторлық берешектің, сауда кредиторлық берешектің және басқа да ағымдағы ақшалай активтер мен міндеттемелердің баланстық құны осы құралдардың қысқа мерзімді сипатының салдарынан шамамен олардың әділ құнына тең болды. Бас компаниядан алынған қарыздар амортизацияланған құн бойынша ескеріледі, әрі ол шамамен олардың әділ құнына тең болады.

Қаржы активтерінің әділ құны дәл сондай шарттармен және орташа өтеу мерзімдерімен Топқа қазіргі уақытта қолжетімді мөлшерлемелердің негізінде дисконтталған ақша ағынын талдауды пайдалана отырып есептеледі. Қаржы активтерінің әділ құны олардың баланстық құнына тең етіп қарастырылады.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**27. ҚАРЖЫ ТӘУЕКЕЛДЕРІН БАСҚАРУДЫҢ МАҚСАТЫ МЕН САЯСАТЫ (ЖАЛҒАСЫ)****Капиталды басқару**

Топтың капиталын басқарудың басты мақсаты қызметін қолдау және акционерлік құнын барынша көбейту мақсатында капитал толықтығының тұрақты коэффициенттерін қамтамасыз ету болап табылады.

Топ капитал құрылымын басқарады және оны экономикалық жағдайдағы өзгерістерді ескере отырып түзетеді. Құрылған күннен бастап 2011 жылғы 31 желтоқсанға дейінгі кезең ішінде мақсаттарға, саясаттарға немесе процестерге бірде бір өзгеріс енгізілмеді.

Топ таза қарыздардың жалпы капиталға қатыстылығын білдіретін қарыз коэффициентін пайдалану арқылы капитал мониторингін жүзеге асырады. Топ Бас компаниядан алынған қарыздар мен сауда кредиторлық берешекті таза берешектің құрамына қосады.

Кестеде Топтың 2011 және 2010 жылдардың 31 желтоқсанына берешек коэффициенті көрсетілген:

<i>Мың теңгемен</i>	2011	2010
Бас компаниядан алынған қарыздар	69.570.183	56.636.071
«Репо» шарттары бойынша міндеттемелер	2.254.003	851.004
Сауда кредиторлық берешек	106.651	18.178
Таза берешек	71.930.837	57.505.253
Капитал	31.187.900	26.752.138
Берешек коэффициенті	2,3	2,15

28. ҚИЗМЕТТЕР

2012 жылғы 25 қаңтарда Топ «КазМунайГазСервис» ЖШС-нің өзінің еншілес кәсіпорны «Зәулім» ЖШС-тің 100% үлесін 68.631 мың теңгеге өткізді.

2012 жылғы 27 қаңтарда Топ Жер телімін сатып алу-сату және әкімшілік ғимаратты дайын күйінде салу бойынша жұмыстарды, қызметтерді сатып алу шартына 2009 жылғы 8 мамырда №4 қосымша келісімді жасады, әрі соған сай Топ объектіні беру міндеттемесінің орнына объектінің құрылысына қаржыландырылған ақша қаражатын, сондай-ақ сыйақыны алады. 2012 жылғы 15 ақпанда Топ 27.049.064 мың теңге сомасында ақша қаражатын алды.

2012 жылғы 3 ақпанда Топ Бас компаниядан орналастырылатын акциялардың төлеміне негізгі құралдарды алды: 113.206 мың теңге сомасына әкімшілік ғимарат үшін құрал-жабдық. 2012 жылғы 29 ақпанда Топ акционердің мүдделерін білдіретін номиналды ұстаушының есебіне номиналды құны 4.000 теңге болатын 28.301 дана жай акцияны және номиналды құны 2.490 теңге болатын 1 дана акцияны алды.

2012 жылдың ақпан айында Топ 2009 жылғы 18 тамыздағы № 10/ФН кредиттік желіні ашу туралы шарт бойынша 28.206.400 мың теңге мөлшерінде Бас компаниядан алынған қарызды мерзімінен бұрын өтеу туралы шешім қабылдады.